

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 62 (9639) 1955 жылғы 29 март Сейсенбі

Шығуына 35 жыл,  
жеке саны 20 тыйын.

## Қар суын бөгеу ұйымшылдықпен жүргізілсін

Бұл асқан сайын көктемгі дала жұмыстарының басталуы да жақындап келеді. Облысымыздың бірқатар МТС-тері мен совхоздары тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарын толық аяқтады. Озат МТС-тер өз қамтуындағы колхоздарда егіс алаңдарына қар тоқтату, тұқым тазарту, жетпейтін тұқымдарды толықтыру, колхозшылардың агротехникалық білімдерін көтеру ісіне көмектесті. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар көктемгі егіс жұмыстарына қажетті құрал-саймандарды жөндеу, жергілікті тыңайтқыштар жыйнау, тұқымды себу сапасына жеткізу жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізді. Мұның бәрі егіс жұмыстарын ең қысқа, агротехникалық мерзімде, жоғары сапада өткізуге жағдай жасайтын болады.

Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруды қамтамасыз ететін маңызды шаралардың бірі егістік алаңдарға қар суын бөгеу болып табылады. Егер бұл жұмыс деркезінде үлгілі жүргізілмесе, онда қар қалың тоқтатылған егістіктердің өзінде де топырақтағы ылғалдың аз болуы мүмкін. Өйткені барлық шаруашылықта егістік жерлердің беті біртегіс емес, бір жер ой, бір жер дөң болып келеді. Қар күрт еріген кезде дөңес жерлердегі қар суы ойпаттарға ағып кетеді. Сөйтіп, дөңес жерлердің топырағында ылғал тапшы болады. Мұның өзі егіснің біркелкі бітік өсуіне кері әсерін тигізбей қоймайды. Бұл жағдайды болдырмау үшін әрбір колхоз бен совхозда қар суын бөгеу жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылуы керек.

Қар суын бөгеуді үлгілі ұйымдастырудың агротехникалық зор маңызы бар екеніне қарамастан көптеген колхоздар мен совхоздар бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастырмай отырғанын ашық айтуымыз керек. Өткен жылы колхоздар мен совхоздардың көпшілігі қар суын тоқтату жөнінде белгіленген жоспардың толық орындалуын қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан топырақта ылғал аз сақталды. Бұл егіснің шығымдылығына зиянды әсерін тигізбей қойған жоқ.

дың бірде-біріне совхоздар тресінің тарапынан қар суын бөгеу жөнінде нұсқау берілмеген, бұл жұмысты жүргізу жөнінде нақтылы көмек те болмай келеді.

Қар суын бөгеу жұмысы тек егістік алаңдарда ғана емес, сонымен қатар шалғындар мен жайылымдық жерлерде де жүргізілуі керек. Өйткені ылғал мол сақталған шалғындарда, жайылымдарда мал азығы ретінде пайдаланылатын табиғи шөп бітік өседі. Мұның өзі мал азығы қорын молайтуға жағдай туғызады. Сондықтан да Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті «1955 жылы колхоздар мен совхоздарда шалғындарды көлдетіп суару, жайылымдарды суландыру үшін көктемгі тасқын суды және қар суын пайдалану туралы» қаулысында бұл жұмыстардың барлық колхоздар мен совхоздарда үлгілі ұйымдастырылуын талап етті. Бұл талапты мұқият жүзеге асыруды ұйымдастыру жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының және мамандардың кәсіргі аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Жоғарыда кәзір қар күрт ери бастады дедік. Бұл қысқа уақыт ішінде өтетін табиғи құбылыс. Осыған байланысты әрбір колхоз бен совхоздың басшылары, мамандары қар суын бөгеудің ең қолайлы кезеңін тиімді пайдалануды ұйымдастырулары қажет. Қар суын бөгеуге МТС-тер техника күшін қажеттіше бөлудері керек.

Егіс алаңдарына, сол сияқты, шалғындар мен жайылымдарға қар суын бөгеуді ұйымдастыру—ауыл шаруашылығы мамандарының, әсіресе агрономдардың шұғыл міндеттерінің бірі. Олар колхозшылармен, МТС, совхоз жұмысшыларымен және механизаторлармен үнемі бірге болып, істі ұйымдастырушы бола білулері керек. Соңғы жылдары озат шаруашылықтар қар суын бөгеудің түрлі әдістерін қолданып жүр. Біздің облыс колхоздары мен совхоздарының жер бедері жағдайында қар суын бөгеудің мына тәсілдерін, алаңның қарын ылдига көлденең жырту, бір-бірінен 10—12 метр қашықтықта жер ді ылдига көлденең плугпен жыртуды су

## ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИННІҢ СОТА тілшісінің сұрағына берген жауабы

23 марттағы баспасөз конференциясында АҚШ президенті Д. Эйзенхауэр, ұлы держава үкметтері басшыларының кеңесі жайындағы өзінің пікірі туралы баспасөз өкілдерінің қойған сұрақтарына жауап бере келіп, былай деп мәлімдеген: оның пікірінше, мұндай кеңестен бұрын Сыртқы істер министрлерінің қатысуымен алдын-ала келіссөздер жүргізуге болар еді. Ұлы держава үкметтері басшыларының кеңесіне келетін болсақ, АҚШ президенті былай деп мәлімдеген: «біз қайсы бір жаңа кеңесте нендей бір түбірлі қадам жасалады дегенге үміт қалдырмауға тиіспіз». Оның пікірінше, ұлы держава үкметтері басшыларының кеңесін күн тәртібінен шақыруға болар еді және бұл кеңесте барлық мәселелерді талқылауға болар еді.

СОТА-ның тілшісі ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинге Совет Үкметі АҚШ президентінің бұл мәлімдемесіне қалай қарайды деген сұрақ қойды.

Н. А. Булганин жолдас бұл сұраққа мынадай жауап берді.

Ұлы державалар кеңесінің АҚШ президенті айтқан идеясына, егер бұл арада халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге көмектесетіндей кеңес ескеріліп отырған болса, Совет Үкметі, бұрынғысынша, дұрыс деп қарайды. Осыған байланысты, еңалдымен, мынаны көрсетуге болады: Совет Үкметі таяудағы уақытта төрт державаның кеңесін өткізуді бұдан бұрын ұсынған болатын, бұл кеңесте Австрия мемлекеттік договоры туралы мәселені шешуге болар еді.

## РСФСР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы

26 мартта, Москвада Кремльдің Үлкен Сарайында РСФСР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы өзінің жұмысын аяқтады.

Қорытынды мәжілісте РСФСР-дің 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы баяндама жөніндегі жарыссөзде депутаттар П. А. Малинина (Кострома облысы) және А. П. Ромашков (Хабаров өлкесі) сөйледі. Олар депутаттардың республика бюджетін бекіту туралы ұсыныстарын қолдады.

Будан соң РСФСР Финанс министрі депутат И. И. Фадеев қорытынды сөз сөйледі.

РСФСР Жоғарғы Советі Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасының Мемлекеттік бюджеті туралы заңды бірауыздан қабылдады, сол сияқты РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының бірсыпыра Указдарын бекітті.

Сессияда РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы сайланды, оның құрамында 27 адам бар. Президиумының Председательдігіне депутат М. П. Тарасов, секретарьлығына—И. Н. Зимин сайланды.

РСФСР Жоғарғы Советі Россия Федерациясы жаңа үкметінің құрамын бекітті. РСФСР Министрлер Советінің Председателі болып депутат А. М. Пузанов бекі-

дениет қайраткерлері, партия және совет қызметкерлері, Совет Армиясының өкілдері. Бірқатар шетелдік елшіліктердің өкілдері, совет және шетел тілшілері қатысуда.

Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, Н. С. Хрущев, П. Н. Поспелов, М. А. Сулов жолдастардың үкмет дожаларына келуін депутаттармен қонақтар ұзаққа созылған ду қолшана-лақтаумен қарсы алды.

РСФСР-ді Ленин орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы оқылды. Залда ду қолшана-лақталды, бірі орындарынан тұрды.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов жолдастан РСФСР Жоғарғы Советінің Председателі депутат И. В. Горошинин, РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі депутат М. П. Тарасов және РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузанов Ленин орденін алды.

РСФСР Министрлер Советінің Председателі депутат А. М. Пузанов Россия Федерациясының Жоғарғы Советі мен Министрлер Советі атынан, республиканың барлық халықтары атынан жоғары на-

Б. Сәрсенбаев. — Партия оқуын өмірмен байланыстыра жүргізейік. (2-бет).

ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІКТІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ АЯҚТАЙЫК! А. Селиванов. — Жаңа совхоз егіс қарсаңында. Б. Омаров. — Бемшіліктерден қорытынды шығарылмаған жерде. (3-бет).

Сатушылар өз міндеттеріне сай жұмыс істеулері керек (3-бет).

ТЫҢ ЖЕРЛЕРДЕН ХАТ: Н. Зверев. — Жаңа жердегі бір жыл. (3-бет).

ВЛНО: Т. Нәкімов. — «Жолбарысты үйретуші» (4-бет).

Д. Бочаров. — Халықаралық шолу (4-бет).

## Бірінші май күрметіндегі жарыс

### 1956 жылдың есебіне

Қаладағы «Пищевик» кәсіпшілік артельінің коллективі қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, 1955 жылдың январь айының бірінші жартысының өзінде бесінші бесжылдыққа белгіленген мемлекеттік тапсырманы 109 процент етіп орындап шықты. Коллектив мүшелері облысымыздың тұтынушыларына және көршілес облыстардың еңбекшілеріне 1956 жылдың есебіне макарон және шұжық тағамдарын өндіріп бере бастады.

Өнімді көп және сапалы өндіру, өзіндік құнды кеміту жолындағы социалистік жарысқа ұштасқан артель январь айында өндірістік тапсырманы 114,6 процент, февраль айында 111,4 процент орындады.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын талқылағаннан кейін артель коллективі өздерінің жұмыстарын бұрынғыдан да пәрменді жүргізуге, өнімді көп беруге, көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, өндіріс алаңын кеңейтуге, техника күшін тиімді пайдалануға бағытталған бірсыпыра ұйымдық-техникалық шаралар белгілеп, жүзеге асыра бастады.

Бұл күндері артельдің барлық жұмысшы-қызметкерлері Бірінші май мерекесін өздерінің лайықты табыстарымен қарсы алу үшін социалистік жарысты бұрынғыдан да гөрі өрістетіп, өнімді мол және сапалы шығарып, өзіндік құнды кеміте бастады.

Г. ШИРКЕЕВИЧ,

Қаладағы «Пищевик» кәсіпшілік артельінің председателі.

## Мал өнімділігін арттыру жолында

Молотов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мал өсірушілері СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы қаулысын еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Кәзір олар Пленум алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында еңбек етуде.

Өткен жылы колхоз барлық түлік бойынша мал өсірудің жоспарын орындап

Көп шаруашылықтардың басшылары бұл кемшіліктерден быйыл да қорытынды шығармай отыр. Көзір қар күрт ери бастады. Осыған байланысты колхоз, совхоздар қар суын бөгеуді осы күннен бастап қолға алуға тиіс еді. Бірақ, бұл жұмыс әлі бірде-бір колхозда, не совхозда қолға алынған жоқ. Ол-олма, көптеген МТС-тер мен совхоздар қар суын бөгеуге қажетті құрал-саймандарды іске әзірлемеген. Колхозшыларға, механизаторларға қар суын бөгеудің тәсілдері үйретілмеген.

Қар суын бөгеудің жылма-жыл, оның ішінде, әсіресе үстіміздегі жылы қанаратанғысыз жүргізілуіне совхоздар тресі мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы да кінәлі. Бұл органдардың мамандары колхоздардағы, МТС-тер мен совхоздардағы қар суын бөгеу ісінің жайымен таныс емес. Қар суын бөгеуді ұйымдастыру жөнінде жергілікті жердегі мамандарға кезінде көмектеспейді. Тіпті совхоздар тресінің аға агрономы Мартынов жолдас қай совхозда қанша көлемдегі егістікке қар суын бөгеу керек екенін де білмейді. Оның үстіне Мартынов жолдас «қар суын бөгеуге әзірленуге әлі уақыт бар» деген жайбарақаттық пікірде көрінеді. Трестегілердің арқаны кеңге салуынан осы уақытқа дейін совхоздар-


барытта қар үстіне каток жүргізіп, қарды нығыздау әдістерін және басқа әдістерді кеңінен қолдану қажет. Агрономдар қар суын бөгеудің осы және басқа әдістермен жүргізілуін дұрыс ұйымдастырулары керек.

Топпырақта ылғалды неғұраым мол сақтауды қамтамасыз ету мақсатымен ерте көктемде зябь пен парды тырмалау жұмыстары да ылдыра көлденең бағытта жүргізілгені жөн. Сонымен бірге ылғалды жабу жұмысы өте қысқа мерзім ішінде—әрі көктемде екі-үш жұмыс күні ішінде өткізілуі керек. Ылғалды жабудың ең қолайлы агротехникалық мерзімі аударылған қыртыстың ара-арасындағы су өбден кесуін болмаған кез болып табылады.

Егістік алаңдарға, шалғындық және жайылымдық жерлерге қар суын бөгеу ерте көктемде жүргізілетін агротехникалық шаралардың аса маңыздыларының бірі екенін естен шығармай, жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары бұл жұмыстарға колхозшылардың, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларының жаппай қатысуын ұйымдастыруға міндетті. Сонымен бірге, қар суын бөгеу жұмыстарының ұйымшылдықпен және агротехникалық талаптарға сай жүргізілуін қадағалап отырулары керек.

\*\*\*\*\*

### БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ТЕХНИКАСЫ



Мұнай өнеркәсіп министрлігінің Москвадағы экспериментальді механикалық заводы магистральдық турбалар жүргізетін орлар қазуға арналған. Совет Одағындағы электр «ЭР-5» айналмалы экскаватордың машинаның өдеттегі айналмалы трактордың кабинасы мен двигателінің арасына ауыспалы токтың генераторы орнатылған. Генератордан шығатын электр тогының көмегімен трактор жылжып отырады және мотор айналдырады.

Жаңа экскаватор тереңдігі 2 метрден астам оң қазалы. Оның шаршыметр балшық қазумен тең. СҮРЕТТЕ: «ЭР-5» электр экскаватор.

Москвадағы экспериментальді механикалық заводы магистральдық турбалар жүргізетін орлар қазуға арналған. Совет Одағындағы электр «ЭР-5» айналмалы экскаватордың машинаның өдеттегі айналмалы трактордың кабинасы мен двигателінің арасына ауыспалы токтың генераторы орнатылған. Генератордан шығатын электр тогының көмегімен трактор жылжып отырады және мотор айналдырады.

Жаңа экскаватор тереңдігі 2 метрден астам оң қазалы. Оның шаршыметр балшық қазумен тең. СҮРЕТТЕ: «ЭР-5» электр экскаватор.

тәлі. Аз ғана үзілістен кейін Россия Федерациясына салтанатты түрде жоғары үкмет наградасы—Ленин ордені тапсырылды. ол 1954 жылғы 29 майда Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне орыс халқының және Россия Федерациясының барлық халықтарының мемлекеттік, шаруашылық және мәдениет құрылысындағы аса көрнекті табыстары үшін наградалған болатын. Залда делегаттардың басқа, көптеген қонақтар—өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңашылдары, ғылым мен мә-

рада ұлғы ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумына, ССР Одағы Министрлер Советіне және Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне шын пейілмен ризалық білдіріп, шын жүректен алғыс айтты. Осы мереке күні, делі ел, біз Россия Федерациясы, еліміздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысын нығайту ісінде, бүкіл халық шаруашылығын өрге бастырудың жаңа жоспарын ойдағыдай жүзеге асыруда бұдан былай да дақты Коммунистік партиямыз бел туысқан Совет Үкметінің адал және сенімді тірегі болады деп сендіреміз.

еліміздің барлық халықтарының қандық берік достығы оның қуаттылығының қайнар бұлағы болып табылады. Қымбатты депутат жолдастар, сіздерді және сіздер арқылы Россия Федерациясының халықтарын, барлық әйелдер мен еркектерді, біздің дақты жастарымызды жоғары наградамен құттықтап, Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күресте сіздердің барлығыңызға жаңа табыстарға жетуге тілектестік білдіруге рұқсат етіңіздер.

(СОТА).

дық малдың өнімділігі де артып, орта есеппен әрбір сауын сыйырдан 1732 литр сүт алынды.

Көзір малға ірі сабақты жемшоптен басқа 8 килограмм сұразық беріледі. Мұның өзі сыйырлардың құнарлылығын жаз күндерінен жемітшеуге мүмкіндік береді.

Колхоз былтыр 20 гектар жүгері егіп, 200 тонна жүгері сүрленген еді. Быйыл колхоз жүгері егісінің көлемін 150 гектарға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

В. ЖАРЫЛҒАПОВ.

## БЕЙБІТШІЛІК ІСІ—ӘДІЛ ІС

\*\*\*

\*\*\*

\*\*\*

\*\*\*

### Бейбітшілікті тілейміз

Шлифовка станогы зырылдап жүріп тұр. Онда істеуші жас жұмысшы Михаил Спиридоновтың күліміреген көңілі көздері станокке қадала қалыпты. Ол бір жұмыр темірді өңден тұр.

Михайдың жұмыс үстіндегі қоймылына сүйсіне қарайсың да совет жастарының бақыттылығына шаттана қуанып, оның шын жүректен мақтан етесің. Етпегенде ше? Біздің елдің жігіттері мен қыздары үшін оқу оқығың келе ме, еңбек істегің келе ме—бәріне мүмкіндік жасалған. Михаил Спиридонов та өткен жазда қалада орта мектеңгі үздік бітіргеннен соң өндіріске жұмысқа еніп, көзір шлифовщик болып істен жүр. Онан әрі жоғары оқу орнында сырттан оқымақшы.

Бұл кең мүмкіншіліктерді кім жасады? Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі, лениндік-сталиндік бейбітшілік саясаты. Мұны терең түсініп, бар жанымызбен сезінген біз осы жемісті бейбіт тұрмысты түсініп, соғыс ашуға аласұрып даурыққан америка және ағылшын империалистеріне қатты ызаланамыз.

Өткен дүниежүзілік соғыстың көп халықтар мен мемлекеттерге қаншалық зиян тигізгенін біз әлі ұмытқамыз жоқ. Қан судай аққан ұрыстарда өмір мен бақытты аңсаған кінәсіз жанлар, сансыз жас қыршындар қаза тапты.

Бірақ соғысқұмар империалистер халықтарды тағы да осындай бақытсыздыққа соқтықтырмақшы, олар атом, сутегі қаруларының хаушын тугызып отыр.

Жаңа соғыс әзірлігіне, әсіресе, оның неше түрлі михнатын басынан кешкен біз, совет адамдары мейлінше қарсымыз. Сондықтан да бейбітшілік ісін табандылықпен қорғай отырып, өз еліміздің қорғанышпаздық қуатын күшейте беру үшін аянбай еңбек етеміз.

Д. МАСЛОВ.

Шағын двигательдер заводы аспаптар цехының мастері.

### Балаларымның бақымы үшін

Өткен соғыс көптеген семьяда өзінің қайғылы ізін қалдырып кетті. Одан түскен жарақат әлі жазылып та болған жоқ. Ұлы Отан соғысында інім Галым ауыр жараланып, ақыры сол жарадан қайтыс болды. Сүйіктіміз Галымнан айрылу біздің семьяға да оңай тиіспен жоқ.

Көзір америка-ағылшын есуастары герман жекпілдерін қайта қаруландырып, халқымызға соғыс хаушын төндіруде. Империалистер атом және сутегі қаруларын адамдарды қырғынға ұшыратуға пайдаланбақ. Лондон және Париж келісімдері қайыпкерлердің осындай араң ниетін арсыздықпен жүзеге асыруға бағытталған.

Біз бейбіт елміз, бейбіт еңбекті сүйеміз. Совет халқы атом және сутегі қаруларының заңастарын жойып, оларды бейбіт мақсатқа пайдалануды тілейді. Бізде атом қуаты адамды емдеуге, жапын адам игілігіне пайдаланылуда. Біздің елде алғаш рет атом қуатымен жұмыс істейтін электр станциясы салынды.

Менің жеті балам бар. Қарындасымның жастай қолында қалған баласымен

сегіз. Үлкен ұлым Ерік 17-де. Ол көзір заводта үйренуші болып жұмыс істеп жүр. Қалғандары жас. Қыздарым Әлия 1 класта, Флора 2 класта оқыйды. Ең кіші ұлым Ульфат бір жасқа жаңа толды.

Барлық совет халқы сыяқты мен де баянды бейбітшілікті, тыныштықты тілеймін. Мен қаладағы ет-консерві комбинатында жұмыс істеймін. Нормамды 170-200 проценттен орындап жүрмін. Менің әлі де еселенген жігермен еңбек етіп, сүйікті Отанымға пайда желтіргім, балаларымды тәрбиелеп өсіргім келеді. Бұл үшін маған тыныштық өмір керек.

Міне, сондықтан да, мен Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының атом қаруына тыйым салу және оны құрту жөніндегі Үндеуін қуана қарсы алдым. Бүкіл дүние жүзіндегі баянды бейбітшілік үшін, балаларымның бақыты үшін Үндеуге қол қоямын.

Нәрім АЗМУҚАНБЕТОВ,  
жұмысшы.

### Атом соғысына қарсы

Қаладағы «Нищевик» кәсіпшілік артелінің макарон жасайтын цехына көптеген халық жыйналды. Олар бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік еңбекшілері сыяқты атом соғысына қарсы екендігі жөнінде өздерінің ой-пікірлерін білдірмек. Бірінші болып смена мастері Юлия Воронова сөз сөйледі.

—Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуі бейбітшілікке және достыққа ұмтылған барлық адал ниетті адамдардың мүддесін көздейді. —делі ел, —біз, совет адамдары, бейбітшілік саясатын әрқашан да жақтап келгенбіз, бұдан былай да жақтап береміз. Сондықтан да бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісінің салтанат құра беруіне өзіміздің адал еңбе-

гімізбен үлес қосатын боламыз. Біздің сменаның жұмысшылары бейбітшілік вахтасына тұрып, күндік нормаларын 140-150 процентке дейін орындауға және өнімді тек жоғары сапада ғана шығаруға міндеттеледі.

Воронова жолдастың сөзін Лидия Антонова, Нина Кобзева және басқалар қысу қолдады.

Артельдің жұмысшылары бұрынғыдан да еселенген қарқынмен еңбек етіп, жыл аяғына дейін қосымша 500 мың сомның өнімін шығаруға, жылдық жоспарды 5 декабрьде орындауға міндеттенді.

Р. ҚАСЫМОВ.

### Ігі іске үлес қосамыз

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атомдық соғыс қатеріне қарсы Үндеуі жарыққа шыққалы екі айдай ғана уақыт өтті. Осы аз уақыттың ішінде бейбітшіл дүние жүзінің миллиондаған адамдары бұрынғыдан да тығыз топтаса түсті.

Жемісті ұлы еңбекпен шұғылданып жатқан совет адамдары да бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайта беру үшін табандылықпен күресіп келеді. Солардың бірі мен де атомдық соғысқа әзірленуді тоқтату, атом қаруының барлық заңастарын құрту және оны өндіруді тезінен тыюды тілеймін.

Бұл күндері цехтың барлық коллективі Бірінші май керекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа біркелкі ұштасып, өнімді мол және сапалы шығара бастады. Цехтың өндірісте озған тігіншілері У. Новожилова, Е. Медведева, И. Никулина жолдастар көзір сменалық өндірістік тапсырмаларын 120—140 процентке дейін орындап отыруға жетісті.

«1—Май» кәсіпшілік артеліне қарайтын біздің цех коллективі үстіміздегі жылдың өткен екіжарым айында 797 мың сомның өнімін шығаруға міндеттеме алған еді. Цех коллективі алған міндеттемелерін аброймен орындап та шықты. Олар 15 мартқа дейін 838 мың сомның өнімін жоғары сапада өндіріп шығарды.

Цех адамдары бейбітшілік ісін нығайта беру үшін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом қаруына қарсы күрес жүргізуге шақырған Үндеуіне алдыңғы сапалылардың біріндей болып қол қойып, оған жауап ретінде өндірісте еңбек қарқынын мейлінше пәрменді өрістететін болады.

Н. КОРКИН.

Қаладағы «1-Май» кәсіпшілік артелінің цех бастығы.

# РСФСР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы

## ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың сөзі

Депутат жолдастар!

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының және ССРО Үкметінің тапсыруы бойынша, мен өзіме осындай зор құрмет көрсетілгені үшін жүрегімді тебірткен қуаныш сезімімен Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасының Жоғарғы Советіне Ленин орденін тапсырып отырмын. (лу қолшапалақтау). Бұл жоғары награда Россия Федерациясына даңқты тарихи оқиға — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының құрметіне берілді, сөйтіп, орыс халқының және Россия Федерациясының барлық халықтарының мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыс ісінде жеткен аса үлгі табыстары атап көрсетілді.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мейрамау біздің елімізде Совет Одағы халықтарының туысқандық достығы жағдайында өтті. Мұның өзі шындығында да орыстар мен украиндардың ғана емес, сонымен бірге ұлы Отанымыздың барлық халықтарының жалпы ұлттық зор мейрамы, олардың мығымас бірлігінің, олардың шын мәнісіндегі туысқандығының мейрамы болды. (ұзақ қолшапалақтау).

Әрқашан да, Отанымыздың тарихының барлық кезеңдерінде ұлы орыс халқы ерлігі мен табандылығын, парасатты ойы мен бостандық сүйгіштігін ұдайы көрсетіп келеді. Ол Совет Одағының барлық халықтарының зор құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленді. Туысқан халықтардың ұлттық мәдениеттері мен революциялық санасын дамытуға игілікті ықпал жасай отырып, орыс халқы олардың ұлттық мәдениетінің бай қазынасынан игі жақсылары мен бағалыларының бәрін өзіне нәр етіп алды.

Россияның қаһарман пролетариаты және оның жауынгер авангарды — ұлы Ленин ұйымдастырған біздің даңқты Коммунистік партиямыз тарихи аренаға келген кезде орыс халқының жетекші ролі бұрынғыдан анағұрлым арта түсті. (лу, ұзақ қолшапалақтау). Кемелдер Ленин және оның ісін алға апарушы ұлы Сталин бастаған Коммунистік партияның басшылығымен орыс, украин халықтары және Россияның барлық басқа халықтары помещиктік-самодержавиялық патшалық тәртіпті ғана емес, сонымен бірге капиталистік құрылысты да құлатып, дүние жүзіндегі тұңғыш Совет мемлекетін орнатты. Олар социализм орнатуда бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерге жетті, сыртқы және ішкі жауларға қарсы қажырлы жайқастарда Ұлы Октябрьдің жеңістерін қорғап қалды, сөйтіп кө-

саясат еліміздің қуатын онан әрі нығайтуға, халықтың тұрмысын ұдайы және міндетті түрде жақсарту беруге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды етуге бағытталған.

Ал бұл саясатты жүзеге асырудағы негізгі міндет қандай? Бұл, біздің бәрімізге мәлім болып отырғанындай, — ауыр индустрияны онан әрі өркендете беру. Ауыр индустрия және елімізді электрлендіру, деп үйреткен болатын ұлы Ленин, бүкіл социалистік экономиканың, халықтың ал-ауқатын арттырудың, Отанымыздың мығымас берік қорғаныс қабілетін нығайтудың негіздерінің негізі болып табылады.

Партиямыздың сара жолы міне осындай. Бұл — өмір сынынан өткен жол. Оның бірден-бір дұрыс жол болғанын және бола беретінін өмір де, тарихи тәжірибе де көрсетіп берді.

Ендігі жерде, біз ауыл шаруашылығының барлық салаларын жедел өрге бастырумен байланысты шындығында аса зор міндеттерді шешіп жатқан кезде, ауыр индустрияны онан әрі ұдайы өркендете беру көзіргі уақытта да біздің барлық табыстарымыздың негізі болып табылатындығы аян емес пе.

Коммунистік партия үшін халықтың тұрмысын тынбастан жақсарту беруден әрі анағұрлым маңызды міндет жоқ. Ал жәсі игілікті міндетті партия терең ғылыми негізде, ауыр индустрияны барынша және тынбастан өркендете беруді көздегітін бірден-бір дұрыс лениндік қағидаға сүйеніп отырып, Маркше, Ленинге шешіп отыр.

Депутат жолдастар! Россия Федерациясы социалистік құрылыста әрқашан да жетекші роль атқарып келеді. Ол ауыр индустрияны онан әрі мықтап өрге бастыру ісінде де осындай жетекші роль атқарады.

Мынаны еске салсақ та жеткілікті: Россия Федерациясының территориясында машина жасау өнеркәсібінің көптеген ірі орталықтары, металлургия өнеркәсіп орындары, көмірдің, мұнайдың, темір рудаларының және басқа пайдалы қазбалардың аса бай жерлері бар, мұнда қуатты электр станциялары салынуа.

Бірақ Россия Федерациясы табиғат байлықтарымен, ауыр индустрияның алыптарымен және қуатты техникасымен ғана даңқты болып отырған жоқ. Ол сонымен қатар аса бағалы өндірісгіз тәжірибесі бар, сарқылмас мол творчестволық инициативасы мен қайрат-жігері толы маман жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлерінің тамаша кадрларын да мақтап ете алады; ол сонымен бірге өзінің ғылыми мекемелерімен қанша-

еседең аса арттыру міндетін қойды; бұл міндетті шешудің нақты жолдары белгіленді.

Орталық Комитет Пленумының қарарын еліміздің барлық еңбекшілері асқан зор жігермен қарсы алды. Бұл аса маңызды қарарды жүзеге асыруда Россия Федерациясы жауапты роль атқарады. Жыл сайын түсетін 10 миллиард пұт астықтың кемінде 6 миллиард пұтын РСФСР колхоздары мен совхоздары беруге тиіс. 1956 жылы игерілуге тиісті 28-30 миллион гектар тың және тыңайған жерлердің, шамамен алғанда, жартысын РСФСР колхоздары мен совхоздарының игеруіне тура келеді. Бүкіл елімізде жүгері егісінің көлемін 1956 жылы кемінде 28 миллион гектарға жеткізу шаралары белгіленді, ал Россия Федерациясының территориясында быылғы жылдың өзінде 8 миллион гектарға жуық жүгері егуге ұйғарылып отыр.

Россия Федерациясының машина-тракторлар станциялары, колхоздары мен совхоздары бұл міндеттерді орындай ала ма? Сөз жоқ, орындай алады.

Мұны, жұртқа мәлім, көптеген озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесі көз жеткізе айқын көрсетіп отыр.

Арта қалушы колхоздарды, совхоздарды және МТС-терді озаттардың дәрежесіне тезірек жеткізу керек, ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту керек, жана техниканы, агротехникалық ғылымның табыстарын және тамаша адамдардың — ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін өндіріске қажырлылықпен енгізіп отыру керек.

Партия мен үкмет өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының алдына қойған міндеттер, басқа да шаралармен қатар, совет аппараттарының барлық буындарының жұмысын онан әрі жақсарту беруді қатты талап етіп отыр. Бұл салада көздің өзінде кейбір жұмыстар істелді, бірақ бұл істің тек бастамасы ғана, алда әлі де көп жұмыс істеу керек. Басқару аппараты онан әрі жақсартып, азындалтуға, оның жұмысын анағұрлым тыңғылдық, нақтылық және жедел жүргізуге еселенген жігермен күш салып отыру қажет.

ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы Совет мемлекеті мен оның Үкметінің бейбітшілік сыртқы саясатының мығымас берік екендігін жаңа күшпен айқын көрсетті.

Совет мемлекетінің сыртқы саясатын — барлық совет адамдарының жемісті бейбіт еңбекке, өзінің социалистік шаруашылығын орнатуда жаңа жеңістерге жете беруге ұмтылған талаптарына сай келетін саясатты біздің халқымыз бірауыздан қолдады. Біз бұл дүние жүзінде бей-

барлық бөлектеріндегі соғыс базалары — осының бәрін және басқа да көптеген әрекеттерді адамзатқа дұшпан нақ осы күштер жасауда.

Совет адамдары, ұлы қытай халқы, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілері, бүкіл алдыңғы қатарлы және прогресшіл адамзат агрессорлардың қылмысты арам ойлары мен жоспарларын әрқашан түсінді, сондықтан өздерін қапшылыста қалдыруға жол бермейді.

Біз, совет адамдары, біздің социализм мен демократияның ұлы лагерін барынша нығайта беруді өзіміздің қасиетті борышымыз деп санаймыз, ал бұл лагердің қуаты бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің ең сенімді кепілі болып табылады. Біз ұлы қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен туысқандық ынтымағымызды бұдан былай да ұлғайтып, достығымызды нығайта береміз.

Совет халқы, басқа да бейбітшіл халықтар сыяқты бейбітшілікті табандылықпен және ұдайы жақтап келеді. Халықтардың жаратылысы, принциптері мен идеологиясы міне осындай. Сондықтан оларды, жоғарыда атағанымыздай, ешкім де қапшылыста қалдыра алмайды. Олар агрессордың арандату әрекетінің қандайына болса да ойдағыдай тойтарыс береді. Жаңа соғыс болған күнде дүниежүзілік цивилизация жүрді-мыс дейтін сандырақтардан біз қорықпаймыз. Егер империалистер дүниежүзілік жаңа соғысты тағы да бастайтын болса, онда цивилизация емес, қайта дәурені өткен капиталистік системаның құрытынын біз білеміз (ұзақ қолшапалақтау). Жаңа соғыс қатеріне қарсы, бейбітшілік жолында, коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында, бейбітшілікпен қатар өмір сүру жолында жүргізіп отырған дәйекті күресі арқасында Совет Одағы дүние жүзінің барлық елдеріндегі сан миллион адамдардың алдында зор беделге және сенімге ие болып отыр. Егер агрессорлар осы уақытқа дейін жаңа соғыс бастай алмаған болса, бұған бүкіл дүние жүзінің белгілі дәрежеде Совет Одағының, ұлы Қытайдың және барлық халықтық демократия елдерінің, олардың берік және айқын бейбітшіл саясатының арқасында, сондай-ақ Индия республикасының халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту ісіне қосқан зор үлесінің арқасында жеткенін дүние жүзінің еңбекшілері біледі (ұзақ қолшапалақтау).

Бұдан 35 жыл бұрын В. И. Ленин былай деген болатын: «... біздің бей-

# ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Совет Үкметінің шақыруы бойынша Индияның премьер-министрі Джавахарлал Неру мырза осы жылғы жазда Совет Одағына келмек болғаны совет баспасөзінде хабар етілген болатын.

Жуырда Индияның премьер-министрі Неру мырзаның Совет Одағына келетін уақыты туралы мәселе жөнінде Индия үкметі мен Совет Одағы Үкметінің арасында өзара пікір алысу болды.

Неру мырза Совет Одағына осы жылғы июньнің бас кезінде келетіндігі туралы келісілді.

## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ Партия оқуын өмірмен байланыстыра жүргізейік

Кадрларды, бүкіл коммунистерді маркстік-лениндік теориямен қаруландыруға біздің партиямыз күнбе-күн қамқорлық жасап келеді. Партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттардың саяси сауаттылығын, идеялық-теориялық дәрежесін арттыра беру олардың шаруашылық, саяси және мәдени өмірдің барлық саласындағы авангардтық ролін күшейте берудің қажетті шарты болып табылады. Сонымен қатар, коммунистердің саяси дәрежесі жоғары болса, мұның өзі бұқараның белсенділігін арттыру ісіне, партия ұйымдарының шаруашылық, саяси міндеттерді жүзеге асыру жолындағы жұмысының жақсаруына игі әсер ететін болады.

Бізге коммунистердің өз білімдерін, саналылығын үздіксіз арттырып отыру үшін қажетті жағдайлардың бәрі де бар. Үстіміздегі оқу жылы Ленин аудандық партия ұйымы партия оқуы жүйесінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Негізінен алғанда, партия оқуы жүйесіне орналасыру және насихатшыларды іріктеп алу жұмыстары дұрыс ұйымдастырылып, жүзеге асырылды. Мұның өзі елеуір дәрежеде коммунистердің маркстік-лениндік білім дәрежесін арттыруға және оны меңгеруге ынталылығын күшейтуге мүмкіндік берді.

Аудан орталығында кешкі партия мектебі (үшінші оқу жылы), бастауыш партия ұйымдары жанында СОБП тарихын үйрену жөніндегі негізгі типті 6 үйірме (екінші оқу жылы), 6 саяси мектеп жұмыс істейді.

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үшін екі елді пунктте лекторий, үш партия ұйымында семинарлар және бастауыш партия ұйымдарының үйірмелерінде әңгіме өткізу және консультациялар беру пункттері ұйымдастырылды.

Торанғұл совхозындағы (бастауыш партия ұйымының секретары Шевченко жолдас) лекторийдің жұмысы тыңғылдықты ұйымдастырылған. Мұнда СОБП тарихы, ауыл шаруашылығының экономикасы жөнінен үнемі лекциялар оқылып тұрады. Мәселен, соңғы кездерде диалектикалық және тарихи материализмнің бір-

тексерістен көрініп отырғандай, СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы жарияланғаннан кейін ауданның жекелеген партия ұйымдарының партия оқуында ауыл шаруашылығы мәселелеріне қарай айтарлықтай бұрылыс жасау болған жоқ. Январь Пленумының қарарларын түсіндіру кейбір партия ұйымдарында қысқа мерзімді науқан ретінде өтіп, үстірт сыйпатта болды, әрбір колхоздың, МТС пен совхоздың алдына Пленум қойған практикалық міндеттерді жүзеге асырумен байланыстырылмады.

—Мәселен, Ильяч атындағы МТС (директоры Матюшенко, партия бюросының секретары Силантьев жолдастар) көктемгі дала жұмыстарына нашар әзірленді, 15 мартқа дейін 11 трактор, 27 пұт, 7 дискалы борона жөндеуден өтіп болған жоқ. МТС қамтуындағы колхоздарда айырбасталуға тиіс 5368 центнер тұқымнан небары 1006 центнер ғана тұқым айырбасталған. Мұнда қысқы агротехникалық шаралар да нашар жүргізілді, қ тоқтату жоспары жартылай ғана орындалды. Бұл МТС өз қамтуындағы колхоздарды жүгері егісіне де дайындамай отыр, жүгері отырғызығыштар, шымтезекшірінді құмыралар әзірлеудің ұйымдастырылуы нашар. Калинин атындағы, Сталин атындағы, «Бірлік» колхоздарында күні осы уақытқа дейін тұқым тазарту аяқталған жоқ.

Мұның бәрі, әрине, біздің жергілікті кейбір кадрларымыздың, МТС, колхоз басшыларының идеялық-теориялық дәрежесі төмен болғандығының да салдары. Ауыл-шаруашылық өндірісінде жұмыс істеуші біздің басшы кадрларымыздың кейбіреулері партияның саясатын дұрыс басшылыққа алып, шаруашылықты іскерлікпен басқара білмейді.

Жекелеген партия ұйымдарында, оның ішінде «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының партия ұйымында партия оқуының көзіргі жайы мүлде қанағаттанғысыз, сабақтардың болмай қалуы жиі кездеседі. Мұнда оқу жылының басынан бері барлығы 15 сабақ өткен, ал үш сабақ насихатшы Құсайынов жолдас пен тыңдаушылардың кінәсінен өтпей қалған.

ары уақытта күштерін көрсете келіріп, сәулетті болашаққа—коммунизмге қарай сеніммен алға басып келеді (ұзақ қолшапалақтау).

Россия Федерациясының жоғары наградасы —тарих алдында сіңірген еңбегі үшін берілген награда. Бұл награда ССРО-ның барлық халықтарының ұлы орыс халқын аса құрметтеп, қадірлі және оған сүйіспеншілігін білдіріп отырғанын көрсетеді.

Награда тапсырған кезде наградалардың еңбектері туралы азырақ айтты, олардың алдағы уақытта шешуші тиісті міндеттері туралы жөбірек айту бізде, совет адамдарында, дәстүрге айналды, бұл —өміңше, жақсы дәстүр. Мұның өзі түсінікті де. Біз ойымызды өткен іске аудармай, болашаққа аударатын болсақ, онда өз күштерімізді, жігерімізді, еркімізді жаңа міндеттерді шешуге, еселеген зор табыстарға жете беруге жұмылдырамыз.

Депутат жолдастар! Осы сессияда 1955 жылға арналған бюджетті талқылаған кезде депутаттар өздерінің сөздерінде СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы еліміздің алдына қойған міндеттерге толық тоқталды және халық шаруашылығының барлық салаларындағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы, Россия Федерациясының өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да, мәдениет құрылысында да шешушіе тура келіп отырған зор міндеттер туралы мейлінше толық, егжей-тегжейлі баянда берді. Депутаттар Россия Федерациясының алдына қойылған міндеттер орындалады деп мәлімдегенде, олардың қалың халық бұқарасының пікірін толығымен білдіргендігінде күмән жоқ.

Россия Федерациясы халықтарының алдында тұрған міндеттерге менің де қысқаша тоқтап өтуіме рұқсат етіңіздер.

Егжей-тегжейіне тоқталмай-ақ мынаны айтайын: біздің даңқты Коммунистік партиямыз жасап берген дана саясатты біз бұлжытпай, дәйектілікпен жүзеге асыра беруге тиісіз. Жұртқа мәлім, бұл

ген және тамаша ғалымдар коллективтерімен де даңқты болып отыр.

Біз бесінші бесжылдықты аяқтайтын жылда тұрмыз. Бесжылдықтың тапсырмаларын өнеркәсіптің мерзімінен бұрын орындайтыны көздің өзінде айқып. Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолында жарысушы миллиондаған жұмысшылардың, инженерлердің және техниктердің күш-жігері осыған бағытталып отыр.

Бұл —советтік құрылыстың қуатты күшінің, шаруашылықтың социалистік системасының тамаша артықшылықтарының ең көрнекті және айқын айғағы. Бірақ әлі де шешілмеген кейбір міндеттер туралы, өнеркәсіптің жұмысындағы кемшіліктер туралы айта көту керек.

Қоғамдық өндіріспен қатар еңбек өнімділігін арттыра беруге де күш салмағынша, қоғамдық өндірісті шапшаң алға бастыруға болмайтындығы жұртқа мәлім. Солай бола тұрса да, бұл аса маңызды көрсеткіш жөнінде біз бесжылдықтың тапсырмаларынан әлі де артта қалып келеміз. Бұл артта қалушылықты мүмкіндігінше тезінен жою қажет. Бұл үшін бізде барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер бар, біз осыларды толығымен пайдалануға тиісіз.

Еңбек процестерін оған әрі комплексті механикаландыру, демек, жаңа техниканы қажырлылықпен енгізіп отыру—еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды шартының бірі. Біздің бұл салада жеткен табыстарымыз зор және даусыз. Дегенмен бұл жағынан да әлі де көп нәрселер істелген жоқ.

Депутат жолдастар! Біздің елімізде 1955 жыл аса зор екі оқиғамен: партиямыздың Орталық Комитетінің январь Пленумымен және төртінші сайланған ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясымен басталды. Орталық Комитеттің Пленумы алдымызға: таяудағы 5-6 жылдың ішінде астықтың жыл сайынғы жалпы түсімін кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу және мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі және екі

бітішілік орнатуды, біздің елмен бірқалыпты қатынастар жасап отырған барлық мемлекеттермен экономикалық және мәдени байланыстарды баянды етіп, ұлғайта беруді жақтап отырмыз.

Барлық елдердің парламенттері мен халықтарына арналған ССРО Жоғарғы Советінің Декларациясы біздің бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолында күресуді көздеген саясатымыздың бұлжымайтындығын тағы да дәлелдеп берді.

Ұлы Ленин екі системаның — социалистік және капиталистік системалардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруінің және экономикалық жарысушы принципін ұсынып, дәлелдеп берді. Бұл бағыт елтеуші лениндік идеяны біздің партиямыз жадында берік сақтап отыр. Лениннің тірі кезінде де, ол қайтыс болғаннан кейін де ұлы Сталин бастаған біздің партиямыз екі түрлі системаның қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік принципті ұдайы басшылыққа алып келді. Біздің партиямыз бұл принципті кезіргі уақытта да бұлжымастан және берік басшылыққа алып келеді.

Бейбітшіліктің әділ ісін қорғай отырып, совет адамдары сонымен бірге дүниеде жаңа соғыс бастауға тырысқан реакциялық агрессияшы күштер бар екенін және олардың әрекет жасап отырғанын ескермей отыра алмайды. Бұл күштерге америка миллиардерлері басшылық етуде. Нақ солар «күш көрсету тұрғысынан» саясат жүргізуді уағыздап, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге барынша бөгет болып отыр. Нақ солар дүниежүзілік сауда мен халықаралық мәдениет байланыстарын еркін дамытуға барынша кедергі жасап отыр. Нақ солар перман милитаризмін қайта тудыруға, Германияны біртұтас бейбітшіл және демократиялық мемлекетке біріктіру ісін сәтсіздікке ұшыратуға күш салуда. Нақ солар Тайвань аралын және Қытайдың сжаден бергі басқа да аралдарын басып алып, чанкайшилік топқа тікелей соғыс көмегін көрсетуде. Европа мен Азиядағы агрессиялық блоктар, дүние жүзінің

барша саясатымызды жер бетіндегі халықтың мейлінше орасан көпшілігі мақұлдап отыр». Мәңгі жасайтын Лениннің бұл сөздері бүгінгі күні қандай зор, жаңа күшпен естіліп отыр десеңізші!

Депутат жолдастар! Совет мемлекеті өзінің творчестволық күштерінің толық кемелінде көркеуде. Оның қуатының қайнар бұлағы жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағы, бүкіл советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, еліміздің барлық халықтарының мызғымас берік туысқандық достығы болып табылады. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқан біздің халқымыз Коммунистік партияның дана басшылығымен социалистік қоғам орнатуды аяқтап, социализммен коммунизмге бірте-бірте өту жөніндегі өзінің ұлы және даңқты миссиясын сеніммен жүзеге асыруда (ұзақ қолшапалақтау).

Қымбатты депутаттар жолдастар, сіздер арқылы Россия Федерациясы халықтары, барлық әйелдері мен еркектерін, біздің даңқты айбынды жастарымызды жоғары наградамен тағы да құттықтауыма және Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күресте сіздердің бөріңіздің жаңа табыстарға жетудеріңізге тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер (ұзақ қолшапалақтау).

Жаңа адамзат қоғамын орнатушы — қуатты совет халқы жасасын! (Ұзақ қолшапалақтау).

Ұлы орыс халқының және Россия Федерациясындағы барлық халықтардың даңқы арта берсін! (Ұзақ қолшапалақтау).

Туысқан украин халқының даңқы арта берсін! (Ұзақ қолшапалақтау).

Біздің Совет Үкметіміз жасасын! (Ұзақ қолшапалақтау).

Біздің жеңістеріміздің ұлы дембелушісі және ұйымдастырушысы —Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын! (Ду, ұзақ қолшапалақтау. Барлығы да орындарынан тұрды).

## Күн сайын жоспардан тыс өнім береді

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Аяғөз жүн иіру фабрикасының коллективі тоқсандық программаны мерзімінен бұрын орындау үшін жүресуде. Кәзір кәсіпорны күн сайын жоспардан тыс өнім шығарады. Әзірлік цехындағы жұмысшы әйелдердің бәрі сменалық нормаларын асыра орындап жүр. Өндіріс озаттары Зайцева және Шурыгина жолдастар смена сайын біржарым-екі нормадан орындайды. Жүн иіру және дайын өнім шығару цехтарында әрбір екінші-үшінші жұмысшы апрель және май айларының өсебіне жұмыс істеуде.

ғалымы Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша топырақты өңдеу» деген тақырыпта бірнеше лекциялар оқылды.

Аудан орталығы Явленка селосында да лекциялық насихаттың жайы жақсы. Мұнда Коммунистік партияның тарихы мен теориясын ездігінен үйренушілер үшін арнаулы лекциялар жиі оқылып жүр. Таңдаулы лекторларымыздың ішінде аудандық партия комитеті кітапханасының меңгерушісі Башкатова, аудандық соғыс комиссары Бороховский, Явленка орта мектебінің директоры Ғаббасов жолдастар бар. Олар өздерінің лекцияларын шаруашылық мәселелерімен тығыз байланыстырып, әрбір коммунистің алдына нақтылы міндеттер қойып отырады.

Ауданның басқа да көптеген партия ұйымдарында лекциялар жүйелі түрде оқылып отырады. Мәселен, үстіміздегі жылдың тек екі айында ғана Ленин атындағы колхозда коммунистер мен комсомолдер үшін «Лениндік «Искра» газеті және оның Россияда коммунистік партия құру жолындағы күресте атқарған ролі», «Халықшылардың субъективтік-идеалистік көзқарастарына қарсы В. И. Лениннің күресі», «Коммунистік партияның манифесті —марксизмнің тұңғыш программалық документи», «Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендетудің міндеттері» деген тақырыптарда бірнеше лекциялар оқылды.

Сонымен бірге, ауданның бірқатар бастауыш партия ұйымдарында партия оқуы жүйесінде орын алып отырған кейбір кемшіліктерді де айтпаса болмайды. Мұның мәнісі сол—кейбір партия ұйымдарының практикасында коммунистердің оқуы өмірден, маңызды міндеттерден алысқа жүргізіледі.

Аудандық партия комитеті жүргізген

## Саяси мектептің жұмысы туралы

Молотов атындағы колхозда (Совет ауданы) коммунистердің тілегіне сәйкес саяси мектеп ұйымдастырылған болатын. Мектептің насихатшылығына Нұрбаев жолдас тағайындалған-ды. Кәзіргі кезде бұл саяси мектепте сабақтар жоспарға сәйкес өткізіліп отырады. Насихатшы Нұрбаев жолдас программалық материалдарды мектеп тыңдаушыларына түсінікті тілде, тартымды етіп, идеялық жоғары дәрежеде баяндайды. Оның сабақтары колхоздың, партия ұйымының алдында тұрған шаруашылық, саяси міндеттермен тығыз байланыстырылып отырады.

Алайда саяси мектептің жұмысында елеулі кемшіліктердің де бар екенін айту керек. Әсіресе тыңдаушылардың сабаққа қатысуы мүлде нашар. Кейде сабақ өтпей қалған күндер де кездесті. Мысалы, оқу жылының басында бері жоспар бо-

ланып, қоспамайды. Ол өткізген сабақтардың тақырыптары терең зерттелмей, партия ұйымының алдында тұрған нақтылы саяси-шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстырылмай баяндалады. Тыңдаушылар конспект жасауға дағдыланбаған. Құсайынов жолдас сабақта көрнекі құралдар мен қосымша әдебиеттерді де пайдаланбайды. Дәл осындай жағдай Калинин атындағы колхозда да (партия ұйымының секретары Жақанов, үйірме насихатшысы Кәкімов жолдастар) бар.

Мұндай кемшіліктердің себебі неде? Негізгі себеп сол—кейбір партия ұйымдары насихат жұмысының мазмұнына терең үңілмейді, партия оқуының сапалы болуына мән бермейді.

Сонымен бірге мына бір жағдайды да атап көрсету керек: МТС аймақтарындағы аудандық партия комитетінің секретарлары және нұсқаушылар топтары партиялық жұмыстың осындай маңызды үлестігіне жеткіліксіз басшылық жасайды. Мәселен, Образцовый МТС-і аймағындағы нұсқаушы Нұрғалиев, Ильич атындағы МТС аймағындағы нұсқаушы Мырзахметов жолдастар «Қазақстанның 30 жылдығы» және Калинин атындағы колхоздар, жиі болады. Алайда олар коммунистер арасындағы саяси оқу мәселелерімен шұғылданбайды.

Ауданның партия ұйымдары партия оқуына басшылықты батыл жақсарту керек, оны неғұрлым жанды, нақтылы, коммунистерді идеялық-теориялық жағынан тәрбиелеу ісінде партия алға қойып отырған міндеттерге жауап беретіндей ету керек.

**Б. СӘРСЕНБАЕВ,**

ҚКП Ленин аудандық комитетінің секретары.

## Қарағандыдағы жаңа АТС-тер

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Мұнда «Сталин уголь» тресінің автомат телефон станциясы пайдалануға берілді. «Кировуголь» тресінің жаңа АТС-і салынып жатыр. Ол іске қосылғанда төрт шахталық коммутатордың қажеті болмайды. «Қарағанды уголь» комбинатының орталық АТС-ін жабдықтау жұмыстары басталды.

Жыл аяғына дейін бассейнің барлық трестері, сондай-ақ көпшілік шахталары мен кәсіпорындарының көпшілігінің арасында автомат телефон байланысы жолға қойылады.

## МТС ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ҚАРУЛАНУДА

ШЫМБЕНТ, (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның мақтанышы быйылғы жылы шитті мақтаны өткен жылдағыдан гектарына 6 центнер артық алуға міндеттенді. Мемлекет колхоздарға орасан зор көмек көрсетуде. Мәселен, мемлекет тарапынан облыстың машина-трактор станцияларын қаруландыруға көптеген жаңа машиналар бөлінді, бұлар мақта егініш екі бағытта бапталға арналған. Мұндай машиналардың қатарында мақта жыйнайтын көлденең шпиндельді «СХС-1,2» машиналары бар. Бұлар шитті мақтаны бірден 2 қатардан жыйнайды, оған қосымша

мақтатергіштің керегі жоқ. «Чирчиксельмаш» заводы Қазақстанның мақтанышына қорек жыйнайтын машиналар мен қозалап қонарғын машиналар береді, бұлар жаңа конструкция бойынша жасалған. Мұндай техниканың қолданылуы мақта шаруашылығын комплексті механикаландыру циклін аяқтайды.

Сырдария, Велико-Алексеевская, Қызыл ту және басқа станцияларға мақтаны шаршы-ұялап егетін сеялқалар жеткізілді. Облыстың МТС-тері кәзірдің өзінде осындай 75 машина алды.

**Б. БОЛАНОВА,**

# Егіске әзірлікті тыңғылықты аяқтайық!

## ЖАҢА СОВХОЗ ЕГІС ҚАРСАҢЫНДА

Совет ауданында жаңадан ұйымдасқан Молодежный астық совхозының орталығы Сасықкөл деген жерге орналасқан. Бұл аймақ аудан орталығынан 75 километр, ең жақын темір жол станциясынан 50 километр қашықтықта жатыр. Мұнда ноябрь айының ызғарлы суық күндерінде алғашқы 14 адам келіп, жеті вагоншаларда тұрды. Бұл жаңа совхоздағы жаңа тұрмыстың бастамасы еді.

Кәзір совхоз орталығында үш көше болып қойылған 65 вагонша тұр. Осы вагоншалардың отыз сегізінде еліміздің басқа аудандарынан тың игеруге келген 230 адам тұрады. Қалған вагоншаларға 48 орынды асқана, азық-түлік және өнеркәсіп товарларын сататын магазиндер, аурухана, почта бөлімшесі, рационал радио торабы орналасқан. Бірнеше вагоншалар қойма ретінде пайдаланылады. Совхоздағы жаңа қоныстанушылар, олар үшін жақсы жабдықталған вагон-монша жасап жіберген Алматы механикалық заводының жұмысшылар коллективіне алғыс айтып отырады.

Жаңа қоныстанушылар қыстың қатаң суығына қарамастан көктемгі дала жұмыстарына әзірлікті тоқтаусыз және ұйымшылдықпен жүргізді. Үстіміздегі жылы совхоз коллективі 12.700 гектар тың және тыңайған жерлерді игеретін болады. Жыртылатын жердің топырағы негізінен бірінші және екінші группаға, ал тек 900 гектар жердің топырағы ғана үшінші группаға жатады. Мұның өзі ғасырлар бойы астық өндіруге пайдаланылмай келген жерден аса бағалы дақыл — жаздық бидайдан және басқа ауылшаруашылық дақылдардан мол өнім алуға мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

Алдағы көктемде совхоз 3200 гектар жерге ауылшаруашылық дақылдарын егеді. Оның 2752 гектары — бидай, 200 гектары — жүгері, 185 гектары — сұлы, 50 гектары — тары. Жүгерінің 150 гектары сүрленетін көкше алу үшін, 50 гектары дән үшін егіледі.

200 гектар алаң колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өңделеді.

Быйылғы көктемнен бастап совхозда оғаш дақылдары да өсірілетін болады. 6 гектар алаңда капуста, сәбіз, тамақтық қызылша, помидор, қарбыз және басқа оғаш дақылдары егіледі. 10 гектар картоп отырғызылады. Бұл коллективті оғаш өнімдерімен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Мұнымен бірге барлық жұмысшылардың өздері үшін огород егуіне участок бөлінеді. Жұмысшылардың үй іргесіндегі огородтарының жалпы көлемі 12—15 гектарға жетеді. Кәзір совхоз дөңді дақылдардың және оғаштардың тұқымдарымен жеткілікті қамтамасыз етілген.

Совхоз кәзірдің өзінде 31 «ДТ—54» және «С—80» тракторларын, тың жер жыртуға арналған 25 плуг алды. Бұлардың бәрі де жұмысқа әзір етіліп қойылды. Тың жерді өңдеуге арналған 100 дана «зиг-заг» тырмалары және басқа тіркеу саймандары алынды. Жақында совхоз сеялқалар, дискелі тырмалар, луцильниктер және комбайндар алады.

Сол сыяқты совхозда ондаған жүк машиналары, екі жанармай тасыйтын арнаулы автомашина, бір автоматты майкүйғыш, жеңіл автомашиналар бар. Ұста жұмысының аспаптары, жанармай күйіп қоятын ыдыстар әкелінуде. Автомобиль парк ішікті машиналармен жүкті өздігінен түсіретін машиналармен тағы басқаларымен толықтырыла береді.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде тракторлар мен автомашиналарды қамтамасыз ету үшін совхоз орталығына кәзірдің өзінде 60 тоннадан астам жанармай тасылды.

Кәзір совхозда көктемгі дала жұмыстарын жүргізетін үш трактор бригадасы құрылды. Олардың екеуі тың және тыңайған жерлерді жыртады да, біреуі жаз-

дық дақылдар тұқымын себетін болады. Әр трактор бригадасына әрқайсысында 12 орын бар бес вагон және бірнеше шатырлар беріледі. Әр бригаданда екі-екіден дала кұхнясы болады, оларда тағам дайындайтын арнаулы аспапшы жұмыс істейді. Әрбір дала қосында «Родина» радиоқабылдағышы, кітапхана, шахмат, домино, музыкалық аспаптар болады. Кітапханаларға газет, журналдар үнемі жеткізіліп тұрылады.

Көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзім ішінде өткізуге керекті механизатор кадрлары совхозда жеткілікті. Мұнда дала жұмыстарына 96 тракторшы, 88 тіркеуші, 20 комбайншы, 35 шофер, керегінше май құюшылар, слесарьлар, есепшілер тағы басқалар қатысатын болады. Совхозда 1 апрельден бастап 10 күндік агротехникалық курс ұйымдастырылады. Бұл курстарда 52 тракторшы, 88 тіркеуші, 25 сеялқашы оқыйды.

Совхоз коллективі көктемгі егіске қызу әзірленумен қатар, құрылыс жұмыстарын да өрістете жүргізуде. Булаев темір жол станциясынан күні-түні бірдей құрастырмалы үйлер, тағы басқа құрылыс материалдары мен жабдықтары әкелінуде. Құрылыс бригадаларының мүшелері ол үйлерді құрастыру ісін ұйымшылдықпен қолға алды. 15 марттан бастап совхоз орталығында жаңа үйлер бірінен соң бірі қаз-қатар тізіле бастады. Құрылыс жұмыстарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты қызу өрістете отырып, құрылыс бригадалары 1 апрельге дейін 10 үй құрастыруға міндеттенді. Олар бұл міндеттемелерін абыроймен орындап келеді. Көктемгі дала жұмыстары жаппай басталғанға дейін бірсыпыра жұмысшыларды жаңа үйлерге орналастыру көзделіп отыр.

**А. СЕЛИВАНОВ,**  
Совет ауданы, Молодежный астық совхозы.

## Кемшіліктерден қорытынды шығарылмаған жерде

Ленин ауданы, Калинин атындағы колхозда өткен жылы дөңді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 5—6 центнерден ғана өнім жыйналды. Осының салдарынан мұнда алдағы көктемгі егіс үшін тұқым қоры да кем құйылды.

Егін өнімінің мұншама төмен болуының негізгі себебі сол — колхоздың және осы артельді қамтыйтын Ильич атындағы МТС-тің басшылары өткен жылғы көктемде агротехниканың бұрмалануына жол берді. Оның үстіне, егіс жұмыстары төртінші ұзаққа созылды. МТС колхозбен

Колхозда дөңді дақылдар тұқымы көп жетіспейді дедік. Мұның үстіне, қолда бар тұқымды тазарту, себу сапасына жеткізу ісінің жайы нашар. Мысалы, 2835 центнер жаздық бидай тұқымының жарымына жуығы әлі тазартылған жоқ.

Тұқым тазартуда машиналардың қуаты өнімді пайдаланылмайды. № 2 егіс бригадасында «ВИМ» машинасымен екі айға жуық уақыт ішінде 1100 центнер ғана тұқым тазартылған. Осыған қарамастан колхоз председателі Кәдірбаев, партия ұйымының секретары Жақатов жолдастар

Істің табысты болуы бұқаралық-саяси жұмыстардың дәрежесіне байланысты екені мәлім. Бірақ бұған бастауыш партия ұйымының секретары Жақатов жолдас тіпті көңіл бөлмей келеді.

Көктемгі егіске әзірлікте колхозшыларға МТС тарапынан да зор көмек көрсетілуде тиіс. Амал не, осы колхозды қамтыйтын Ильич атындағы МТС-тің басшылары өздерінің міндеттерін орындауда үнемі жауапсыздыққа салынумен келеді. Рас, МТС басшылары бұл колхозда жиі болады. Бірақ олардың желіп



СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын орындай отырып, Талдықорған облысының колхоздары үстіміздегі жылы жүгері егісінің көлемін едәуір ұлғайтады. Тек бір ғана Қаратал ауданының өзінде бұл бағалы дақыл өткен жылғыдан он есе артық егілетін болады. Аудандық тұқым сынау лабораториясының коллективі кәзір аудан колхоздары үшін тұқымдық материалдарды әзірлеуде.

СУРЕТТЕ: лаборатория меңгерушісі В. Кысырев және агроном-лаборантка Н. Силина тұқымның шығымдылығын байқап тұр.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІК

Преснов ауданының Ворошилов атындағы колхозының колхозшылары көктемгі егіс жұмыстарына қызу әзірленуде. Қолдағы барлық тұқым толық тазартылып, шығымдылық қондицияға жеткізілді. Колхозшылар 8 мың гектардан астам егіс алаңдарына қар тоқтатты. Жергілікті тыңайқыштар үшін 1200 тонна көң, 50 центнер күл және 20 центнерден астам күс саңғырығы жыйналды. Колхозшылар бұл жұмысты әлі де жүргізуде.

Сонымен бірге оғаш көшеттерін өсіру үшін 8 мыңнан астам шымтезек-шірінді құмыралар дайындалды. Агроном Горбунова жолдас аптасына бір рет оғаш, жүгері және басқа дақылдарды өсіру жөнінде агротехникалық үйірмеде сабақ өткізеді.

**К. ЖАЙЛЫБАЕВ.**

Озат бригадирмен кездесу

# Сапушылар өз міндеттеріне сай жұмыс іспеулері керек

(ТІЛШІ ХАТТАРЫНА ШОЛУ)

Сапушылар халық үшін қызмет атқарады. Олар өз міндетіне сай жұмыс істеп, мәдениетті совет саудасын өрістете жүргізуге, тұтынушылардың көпшілік қолды товарлар сатып алу жөніндегі тілегін тыңғылықты өтеп отыру жолында аянбай еңбек етуге міндетті. Тұтынушыларға керекті товарларды сауда мекемелерінің қоймаларынан деркесінде алып, оларды магазин арқылы тұтынушыларға жеткізіп отыратын, сөйтіп товар айналымын үнемі толық және асыра орындайтын сапушылар облысымызда аз емес.

Дегенмен көптеген сапушылардың жұмысында елеулі кемшіліктер жоқ емес: екендігін редакцияға түскен тілші хаттарынан айқын көруге болады. Булаев ауданы, Ленин атындағы колхоздың № 2 бригадасындағы дүкеннің сатушысы Б. Жуаспаева жолдас совет саудасын бұрмалап отыр деп хабарлады өзінің редакцияға жазған хатында тілші К. Мұқанов жолдас. Сатушы Жуаспаева жақында дүкенге түскен барқытты, іс машинасын, мақтаны, костюмды және басқа товарларды туыстары мен тамыр-таңыстарына бөліп берді. Сауда принципін неге бұрмалайсыз дегендерге «менде сіздің жұмысыңыз болмасын, сатудың әдісін өзім білемін» деп жүре жауап береді. Сол сыяқты сапушының жұмысында товарларға артық баға қойып сатушылық та кездеседі. Бұл жағдайды Веселовка селолық тұтынушылар қоғамының председателі Кувшинов жолдас біледі, бірақ сауда орнының жұмысындағы кемшіліктерді жоюдың тиісті шараларын қолданбай келеді.

Приемші ауданындағы Ново-Михайловка селолық тұтынушылар одағының «Бостандық» колхозы, № 3 бригадасындағы дүкеннің жұмысы туралы тілші К. Валрожин жолдас былай деп жазады: дүкеннің ішінде тазалық жоқ, товарларды шаң басқан. Дүкен уақытында ашылмайды. Сатушы Балтабаева жолдас өлшемді товарларды сатқанда тірдің орнына сабынды пайдаланады. Мұныыз қалай, бұл дұрыс бола ма, деушілерге: «өзіңіз білесіз, күмәнданатын болсаңыз алмай-ақ қойыңыз, сізге дұрыс өлшеп беретін менде тір жоқ» деп жүре жауап береді. Өрине бұл жағдай сауда принципін қайшы келеді.

Дол осы жағдай Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың № 3 бригадасындағы дүкенде де бар. Қай уақытта болса да, деп жазады осы аудандағы ауылдық тілші М. Қайнарлов, сатушы Біржанова Маррипаны тұтынушылар үйінен табады, дүкен үнемі жабық тұрады. Аманкелді атындағы колхоздың (Преснов ауданы) № 1 бригадасында 75-тен

астам үй бар. Колхозшылар қоғамдық малды қыстан шығынсыз алып шығу үшін аянбай еңбек етуде, ал осы бригадандағы дүкеннің сатушысы Самұратов қонақтап, ел қыдырып жүреді. Дүкен жабық тұрғандықтан колхозшылар керекін ала алмай, Жамбыл совхозына баруға мәжбүр болады, деп жазды тілші Б. Қазиев жолдас редакцияға.

Тілші Мұстафин жолдас Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Қарағаш ауылындағы дүкенінде көпшілік қолды товарлардың болмайтындығын жаза келіп, бұл дүкен колхозшылардың өскелең тілегіне сай жұмыс істей алмай отырғандығын хабарлады. Үй тұрмысына керекті ыдыс-аяқ дүкенде жыл бойы болған жоқ. Сол сыяқты керосин және басқа үй шаруасына керекті заттар өте сирек сатылады. Явленка селолық тұтынушылар қоғамының басшылары күнбе-күні тұрмысқа қажетті товарларды жеткілікті түрде сату жөніндегі колхозшылардың тілегіне құлақ аспай келеді.

Бұл фактілер, облысымыздың көптеген дүкен сатушыларының жұмысында кездеседі. Бұл фактілер сауда мекемелері қызметкерлерінің көп реттерде еңбекшілердің талабына құлақ аспайтынын, сатушылардың жұмысын үнемі бақылап отырмайтынын, сатушылардың арасында саяси-тәрбие жұмысының өз дәрежесінде жүргізілмей келгендігін дәлелдейді.

Сатушылардың, басқа да сауда қызметкерлерінің арасында сын және өзара сын нашар ұйымдастырылып отыр. Кейбір жерлерде сатушылардың жыйналыстары үнемі өткізіліп тұрмайды. Мысалы, Булаев, Ленин, Преснов және басқа да бірқатар аудандардағы селолық тұтынушылар қоғамдарының басшылары өткен жыл ішінде және үстіміздегі жылдың алғашқы айларында бірде-бір рет сатушылардың жыйналысын өткізген емес. Бұл жағдай сауда мекемелеріндегі басшы қызметкерлер мен сатушылардың арасында байланыс жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Облыстық тұтынушылар одағы аудандық тұтынушылар одақтары мен селолық тұтынушылар қоғамдарынан сауда қызметкерлері арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын және өзара социалистік жарысты дұрыс ұйымдастыруды қатты талап етуге тиіс. Сөйтіп сауда принципін бұрмалаушылық фактілері біржолата жойылып, еңбекшілерге күнбе-күні тұрмысқа керекті көпшілік қолды товарлардың үнемі жеткілікті мөлшерде жеткізіліп, сатылып отыруын қамтамасыз ету қажет.

## БӨЛІМШЕ ТАБЫСЫ

Колхоз бен МТС басшылары өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, былай көктемгі егіске әзірлікті ойдайдай жүргізуді ұйымдастырулары керек еді. Ама! не, істің жайы олай болмай отыр.

Үстіміздегі жылы колхозда 2450 гектар алаңға дәнді дақылдар егіледі. Көктемгі егістің алғашқы күндерінде жүздеген гектар тың және тыңайған жерлер жұмыстауға тиіс. Мұның өзі егіс жұмысына жан-жақты, мұқият әзірленуді талап етеді. Бірақ колхоз басшылары бұл жұмыспен әлі де жете шұғылданбай отыр. Сөзімізді дәлелдеу үшін бірнеше мысалдар келтірейік.

Кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын әлі белгілеген жоқ.

Колхозда кондициялығы төмен жүздеген центнер тұқым бар. Бірақ колхоз басшылары оны сортты тұқымға айырбастау жұмысымен шұғылданбай отыр. Сол сияқты колхозда қажетті картоп, овощ тұқымдары да әзірленбеген.

Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруда егістік алаңға қар тақтудың маңызы зор. Бұл жағдайды ескеріп колхоз басшылары үстіміздегі жылы екі мың гектар егістік жерге қар тақтатуды ұйғарған болатын. Не пайда, бұл агротехникалық шара жүзеге асырылмай, сол күйінде қалып қойды.

Олар асығыс келіп, атүстінен мәлімет алып кете барады. Колхоздағы жағдаймен жете таныспайды. Жақында колхозда МТС директоры Букатин жолдас болды. Ол: «жарамсыз тұқымды тез арада сортты тұқымға айырбастау керек» деленнен басқа ештеңе айтпады.

Көзір көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізудің шешуші кезеңі туды. Сондықтан Калинин атындағы колхоздың және МТС-тің басшылары бұл істе орын алған кемшіліктерді дереу түзетін, бұл маңызды науқанды толық әзірлікпен қарсы алатын болулары керек.

**Б. ОМАРОВ.**

механикаландыру училищесінің оқушылары Образцова МТС-нің озат трактор бригадасының бригадирі Иван Попов жолдаспен кездесті.

Көзір Попов жолдасының трактор бригадасы көктем егісіне қызу әзірленуде. Барлық тракторлар мен тіркеу саймандары толық жөндеуден өтіп, жұмысқа әзір тұр. Бригада былай көктемгі егісті қысқа мерзім ішінде бітіріп, одан мол өнім алуды ұйғарып отыр.

Попов жолдас училище оқушыларын механизатор мамандығын ойдайдай меңгеруге, сөйтіп, тың жерлерде жаңа еңбек табыстарына жетуге шақырды.

**Л. КАЛАШНИКОВ.**

тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Көзір бөліміне келесі тоқсан үшін сұт қабылдауда.

Жұмыстағы қол жеткен табыстары үшін бөлімшенің жұмысшыларына баға.

рысқа ұнтасып, екінші тоқсанның тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресті қыздыра түсеуде.

**А. ЖҰМАЛИЕВ.**

## «ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

### «Газетімізді ала алмай отырмыз»

Газетіміздің үстіміздегі жылғы февраль айының 23 күні нөмірінде жарияланған осы тақырыптағы мақала туралы Приешім аудандық байланыс мекемесінің меңгерушісі Нероба жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Мақалада көрсетілген фактілер анықталды. Аманжолды атындағы колхоздың мүшесі Устеміров жолдас хат тасушылық қызметінен босатылып, бұл қызметке басқа адам тағайындалды. Көзір колхозда хат-хабар тасу жұмысы жолға қойылды.

## Тың жерлерден хат

# ЖАҢА ЖЕРДЕГІ БІР ЖЫЛ

Қазақстанның тың жерлерінде ұйымдастырылған 93 астық совхоздарының бірі — Қостанай даласында орналасқан «Орджоникидзевский» совхозының құрылысшылары өткен жылғы март айының орта шенінде шағын темір жол станциясы Тобылға келген еді. Бұлар — Иваново мен Орехово—Зуевоның тоқымашылары, Каменокінің тракторшылары, Қырымның электрліктері мен механиктері, Киевдің дәрігерлері мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері—небәрі 200-ге жуық жігіттер мен қыздар болатын.

Көктем шығып келеді. Алақанат болып қары кете бастаған далалық алашұбар болып көрінеді, жайпауыт сай-салаларда су сылдыра дағады. «Орджоникидзевский» совхозы әлі жоспар жүзінде ғана бар шаруашылық еді, бұл совхоздың болатын орны оның болашақ директоры Федор Павлович Бухтиннің планшетасындағы картада ғана белгіленген.

Жағасында қамгес ескен далалық Қарақұм көлінің жиегіндегі көрікті орынды құрылысшылар орталық усадьба салуға таңдап алды, ал келесі күні осы жерге құрастырмалы үйлердің бөлшектерін, әк, цемент, ағаш тиенен автомашиналар келе бастады. Жаңа совхозға техника да жеткізіле бастады. Егіс жұмысының маусымы да таялып қалды.

Тракторшы Евгений Попов өзінің қуатты «С-80» тракторымен алғашқы боразда тартқан жетінші май күнін жаңадан қоныстанушылар ешуақытта ұмытпайды. Бұл —тыңға шабуыл басталған қуанышты, салтанатты күн болды.

«Орджоникидзевский» совхозы комсомолецтерінің алдында зор және күрделі міндеттер тұрды. Совхоз құрылған алғашқы жылы бұрын ешуақытта да плуг жүзі тимеген жалпы көлемі 52 мың гектар жердің 16 мың гектарын көтеру және көктемде жыртылған 1200 гектар жерге

дәнді дақылдар егу қажет. Егіс даласына шыққан алғашқы күннен бастап-ақ бригадалардың арасында қызу жарыс өрістеді. Вениамин Михеевтің комсомол-жастардан құрылған екінші трактор бригадасы бұл жарыста бірден-ақ бірінші орынға шықты. Көп ұзамай ол совхоздың ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды және бұл туды күз түскенге дейін ешкімге бермеді. Бұл бригаданың комсомолецтері қажырлылықпен еңбек етті. Хмельницкий облысынан Қазақстанға келген қажырлы әрі жалынды өрендер Михаил Гуйда мен Василий Бантанюк жарыста озып шығу үшін табандылықпен күресті, олардың еңбектегі даңқты істері бүкіл өлкеге белгілі болды. Бригада 1200 гектар бидай егуді бірнеше күннің ішінде аяқтады және басқа бригадалар көтерген тыңды дискілі сыдыра жыртқыштармен өңдеуге дереу кірісті. Вениамин Михеевтің бригадасындағы тракторшылар жазда жеті мың гектар жер өңдеді, 15 аттық күші бар әрбір трактормен 1.100 гектардан жер жыртты.

Комсомол-жастардан құрылған екінші бригаданың әрбір тракторшысы орта есеппен үш еменалық нормадан орындады. Екінші бригаданың даңқты істері бүкіл коллективті еңбекте ерлік көрсетуге шақырады, еңбек өнімділігін арттыру, егіс жұмыстарын мінсіз сапалы өткізу жолындағы жарыс күн санап өрістей түсті. Бірінші бригаданың тракторшысы Юрий Исаев шымыл тың жер жырту жұмысында еменасына 8,5 гектарға дейін тың көтерді. Өзінің кезекшісі және ежелгі досы Дмитрий Красноперов одан қалыспады. Достар июльдегі шыжыған ыстық ұзақ күндерде, жұлдыздары жымың қаққан қысқа түндерде шаршау дегенді білместен жұмыс істеді. Коммунист Василий Курбанов басқарған бірінші бригада жазда алты мың гектардан аса тың жер жыртты,

тапсырманы екі еседей асыра орындады.

«Орджоникидзевский» астық совхозының коллективі тың көтеру жөніндегі алғашқы жылдың жоспарын едәуір асыра орындады: дискілі сыдыра жыртқыштармен 16 мың гектар орнына 20 мың гектар жер жыртты еңделді.

Бірақ, 1955 жылы алғашқы өнім беретін өгінге арнап әзірленген бұл жыйырма мың гектар жер асқан жігерлі және табанды адамдардың, Отанға деген жалынды, сарқылмас сүйіспеншілікке бөленген жіріксіз таза жүректі адамдардың еңбектегі ерлігінің тек бір үшқынын ғана көрсетеді. Тың жерлерге жаңадан қоныстануға келгендерге кездескен басты қиыншылық — егіс жұмыстарымен қатар тұрғын үйлер, өндірістік және тұрмыстық үйлер салу жұмыстарын жүргізу болды, ал мұның бәрі тез қарқынды керек етті. Жаңадан қоныстанушылар құлазыған даладағы Қарақұм көлінің жағасында өздерінің шатырларын тігісімен алты күннен кейін мұнда алғашқы құрылыстар—70 адам тұратын жатақхана, асхана, магазин орнады. Күнделікті қажырлы, қызған еңбек жағдайында уақыт өте тез өтіп жатты, тап кеше ғана тек желмен күмістей жайқалған боз ғана өскен меңіреу даланың бейнесі таңқаларлықтай тез өзгере берді. Виктор Коломейцев басқарған комсомол-жастардың құрылысшылар бригадасы екі пәтерлі құрастырмалы үйді 5-6 күннің ішінде құрастырып шығарды. Онымен жарысқа түскен Владимир Моостың бригадасы әрбір төрт күн сайын төрт пәтерлі үйді пайдалануға беріп отырды, мұнда орындалған жұмыстың сапасы әрдайым мінсіз деп танылды.

Бригадир Александр Зубенко басқарған қыздардың құрылыс бригадасы 1800 тонна астық сыятын қойманы он алты күннің ішінде салып болды да дереу мал қораларын салуға кірісті. Орехово-Зуево

ның кешегі тоқымашылары комсомолка Антонина Курдючованың, апалы-сінділі Евгения мен Тамара Бемдердің өздерінің жаңа мамандығын соншама бытамен меңгергені сіре жұрттың бәрінің де назарын аударса керек.

Тағанрог заводтарының бірінде бұрын фрезерші болған Мария Годовая шалғай Уржумдегі комбайншылар курсында оқып келді. Маша Годовая өткен жылғы тіркеуші болып тың жұмыстарына қатысты. Қажырлы, жарқын жүзді, бірақ қайсар мінезді бұл қызды бригадир Курбатовтың мақтамасына болмады. Мүмкін Марияның мінезіндегі осы қасиеттер оны бригадирдің штурвальныйлар даярлайтын топқа қосу жөнінде ұйғарымға келуіне себепші болған да шығар. Мария егін жыйнауда жақсы жұмыс істеді, ал күзде ол өзінің курсқа барып, комбайншының шеберлігін оқып үйренгісі келетіндігін білдірді.

Міне, комбайншы Годовая өзіне ұнаған совхозына қайтып оралды. Таң саз бере бастады. Алдымыздан, сенау алыста электр шамдарының оттары көрінеді.

—Бұл «Орджоникидзевский» совхозының оттары, —деді Марияға қарап бөзозов жүргізуші Леонид Давыдов, — ал осыдан бір жыл бұрын бұл жер құлазыған дала болатын...

Күн көк жиектен көтеріліп, кең далаға мол нұрын төкті. Қарақұм көлінің жағасындағы өзгерістердің тамаша көріністерінің бәрі міне комсомолка Годоваяның кезалдында тұр. Өте жыйнақы, құрастырмалы үйлер салынған, оқтай түзу кең көшелер пайда болған. Орталық усадьбадағы тұрғын үйлердің саны да жүзге жуық. Меміктік үйлер салуға көлемді территория бөлінді, 70-тен аса жұмысшылар мен қызметшілердің семьялары өздері салып алған үйлерге қоныстанған, олар мемлекеттен қарыз ақша алып, бұл үйлерді совхоздың көмегімен салды. Жаңадан салынған құрылыстардың қатарында жастардың екі жатақханасы, нан пісіретін орын, магазин, асхана, жетіжылдық мектеп, тұрақты аурухана, ра-

диоторап, бірнеше малқоралар, астық қойма, механикалық және ағаш шеберлігінің мастерскойлары бар.

Бір жылда жүргізілген құрылыс жұмыстарының өзіндік құны төрт миллион сом.

Мария Годовая Уржумде курста оқып жүрген сол бір айлардың ішінде совхозда кептеген өзгеріс болды. Бірнеше семья жаңа үйлерге орналасты. Совхозда 16 рет көңілді үйлену тойы өткізілді. Орталық алаңда жаңа—вижыдық мектептің екі қабатты үйі салына бастады. Жұырда аудандық партия комитетінде болған кеңесте талқыланған шаруашылықты өркендетудің перспективалық жоспарын көзір әркім-ақ мақтаншыпен әңгімелеуде. «Орджоникидзевский» совхозы быйылғы жылдың өзінде-ақ мемлекетке 1200 пұт товарлы астық береді. Таяудағы бес-алты жылдың ішінде астық шаруашылығы совхоздың негізгі шаруашылық саласына айналады, мұнда өте маңызды басқа да шаруашылық салалары болады. Сыйыр малының саны 1959 жылдың аяғына дейін үш мыңға көбейеді, совхоз астық шаруашылығының қалдықтарын пайдалана отырып, шошқа шаруашылығын кең көлемде ұйымдастырады және мемлекетке 1959 жылы кемінде 3.700 центнер шошқа етін тапсыратын болады. Совхоз өсіп, өркендеп келеді. Үш бөлімше құрылды. Ең үлкен бөлімшеде басшылық ету міндеті трактор бригадасының бригадирі комсомолец Вениамин Михеевке тапсырылды.

Адамдардың мейлінше тез өсіп келе жатқандығы жаңадан қоныстанушылардың тұрмысымен танысқан әрбір адамның көзіне бірден шалынатын жағдай екендігін айта кету керек. Совхоздың 150-ге жуық жігіттері мен қыздары училищелер мен курстарда оқып жүр, ондаған комсомолецтер өндірістің негүрлым жауапты участоктерін басқаруға жоғарылатылды.

Көктем алдындағы бұл күндерде «Орджоникидзевский» совхозының жаңадан қоныстанушыларының атқаратын жұмысы өте көп. Тұқымдық астықты тасып, та-

зарту, техника жөндеуді аяқтау, жергілікті құрылыс материалдарын дайындау керек. Күн жылынысымен құрылыс жұмыстары өткен жылдағыдан анағұрлым зор көлемде дереу өрістейтін болады. Оқу мәселесі де ең маңызды шаралардың бірі. Көпшілігі бұған дейін өздерінің естіген әңгімелерінен ғана білетін жаңа мамандықтарды табандылықпен меңгере отырып, жігіттер мен қыздар агротехниканы үйренуге көп уақытын бөлуде.

Ал кешкілікте қол бос уақытта мектеп жақта жастардың асқақтата салған әңдегі, баянды сүйкімді үні естіледі (клуб мұнда әлі де салынбаған, әрине бұл қынжыларлық іс). Мектеп үйінен естілген бұл музыка мен ән көркем өнерпаздар коллективіне қатысушылардың кезекті концертке әзірленіп жатқанының белгісі. Орехово-Зуевоның бұрынғы тоқымашысы Люба Лереюктің дауысы басқа өңірлердің дауысынан ерекше естіледі. Оның еңбек даңқы да барлық қыздарды жаңа табыстарға жетуге жігерлендіруде.

Кітапхана әрбір кеш сайын кітап алып оқушыларға лық толы болады. Рас, кітапхана үйі әлі тар, ал оның есебіне мұнда кітап соншалық көп. Оқылған кітап туралы қызу пікірлерді, жаңа кітапта суреттелген геройлар, олардың ойы мен істері туралы айтылған мазмұнды сөздерді тыңдасаңыз-ақ қиыншылықтың қандайына болса да қорықпастан батыл алға басып, бұл қиыншылықтарды сеніммен жеңіп келе жатқан біздің жарқын, шат көңілді жастарымыздың рухани ішкі дүниесінің қаншалықты бай екендігі айқын көрінеді.

Жаңадан қоныстанушылардың Қазақ ССР, Қостанай облысының «Орджоникидзевский» совхозының тың жерлерінде тұрғанына бір жыл өтті. Бұл—зор және даңқты істердің жылы болды. Алда жарқын болашақтың, еңбекте жаңа табыстарға жетудің даңғыл жолы тұр.

**Н. ЗВЕРЕВ,**

Қостанай облысы, «Орджоникидзевский» совхозы.

КИНО

„Жолбарысты үйретуші“



«Жолбарысты үйретуші» фильмінен кадр.

Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясы жасап шығарған «Жолбарысты үйретуші» атты көркемсуретті тұраі түсті кинокомедияны бұл күндері қала жұртшылығы қызыға көруде. Еліміздің тандаулы кинематографияшылары— сценарийстер К. Минц пен Е. Помещиков, режиссерлар А. Ивановский мен Н. Кошеверова жолдастардың қатысуымен түсірілген бұл фильм адамдардың өзара қатынасы, цирк искусствосының табанды және зор еңбектің жемісі болып табылатындығы жайында баяндайды. Осы арқылы ерінбей еңбектеніп, табандылықпен алға талпынған, алдына қойған мақсатына жету жолында ешқандай қиыншылықтан тайсалмайтын адам табысқа жететіндігін дәлелдейді.

Фильм ең алдымен өзінің шынайы шындықты баяндаумен көзге түседі. Мұнда аты комедия деп, арзан күлкі үшін жазасынсыз көріністерді енгізу, сөйтіп көрушілердің күлкісін «тудыру» жоқ. Кинокомедиядағы күлкі шындық көріністер негізінде туып, дамып отырады. Петр Моккиннің үнемі сәтсіздікке ұшырауы, болмаса бухгалтердің үй-ішіндегі «конфликтері» немесе жолбарыстың босап кетіп, одан цирк артистерінің әр түпкірге бір тығылуды сыяқты әнізодтар фильмінің сюжет желісіндегі оған көріністер емес, оның композициялық тұтастығын құрап тұрған белгілі деталдар.

Кинокомедияның оқиға желісі негізінен бір цирктің өмірі төңірегіне құрылған. Цирк өмірін көрсету арқылы

байды. Сонымен қатар ол адал махаббат несі. Оның Ленаны шын беріле сүйі осыны дәлелдейді.

Капитан көмекшісі Петр Моккиннің ролін украиндық жас артист Быков орындайды. Адал жүректі, ақкөңіл Петр үнемі сәтсіздікке ұшырайды. Жұртшылықты әрбір сәтсіздігімен күлдіріп отыратын бұл жас артист бізге «Маринаның дағдыры» кинофильміндегі Сашконың ролін орындаудан даныс. Талантты Быков бұл жолы да өзінің творчестволық өсу жолындағы жас екендігін танытты.

Фильмдегі басты кейіпкер—Лена Воронцова. Бұл қиын әрі күрделі рольді жас артистка Касаткина орындайды. Бір кезде андардың күтушісі болып істейтін оның арманы жолбарыс үйретуші болу. Ол бұл мақсатына жету жолында кездескен қиыншылықтардың қандайын болса да жеңеді. Цирксіз жерде жұмыс істеуге болмайды деп бағалайтын ол ақыры өзінің дегеніне жетеді. Касаткина өзінің шын беріле ойнауымен табанды, еңбексүйгіш, ақжарқын, кішіпейіл қыздың образын ойдағыдай жасай алған. Әсіресе оның жолбарыспен манежге шығуы, бұл аса жауапты әрі хауіпті көріністе өзінің зор актерлік шеберлігін көрсете алуы жас артисткінің творчестволық табысы. Көршілер экранда рольді орындап жүрген Касаткинаны емес, циркті творчестволық еңбектің жемісі деп бағалайтын шын Ленаны көргендей сезінеді.

Өзін теңдесі жоқ аң үйретушімін деп бағалайтын Базмиір Алмазовты артист

ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА

ПАРИЖ, 25 март. (СОТА). Баспасөздің хабарына қарағанда, кеше Эдгар Фор үкметі өзіне экономикалық салада «ерекше өкілдіктер» беру туралы Ұлттық жыйналыстың бірінші заң жобасын енгізген. Заң жобасы финанс комиссиясының қарауына берілген.

ФРАНЦИЯНЫҢ РЕСПУБЛИКА СОВЕТІНДЕ

ПАРИЖ, 25 март. (СОТА). Париж келісімдерін бекіту туралы заң жобасының республика Советінде талқылауына француз жұртшылығы назар аударуда.

Жарыасөздің барысы республика Советі мүшелерінің біраз бөлегінің ғана. Париж келісімдерін сөзік мақұлдап отырғанын көрсетеді. Ерекше назар аударатын жағдай сол, тіпті бұл келісімдерді бекітуді жақтап отырған шешендердің өздері де Францияның «халықаралық міндеттемелерін» — Париж келісімдерін бекіту СССР-мен келіссөздер жүргізуді «жөнсіз» алады-мыс дегенді және басқа сыйтауларды дәлелде келтіріп, өздерінің позициясын ақтауға тырысуда.

Париж келісімдерін жақтаушылар келісімдер бекітілгеннен кейін «іле-шала» СССР-мен келіссөздер басталады-мыс деп, сенаторларды барған сайын өсуіне сендіруде. Журналистер топтарындағылар былай деп санайды: Францияның билеуші топтары осындай сендірмен сөздерін айтты. Батыс пен Шығыс арасында келіссөздер жүргізуді жақтап отырған республика Советінің ауытқымалы мүшелеріне ықпал жасауға тырысуда.

Шешендердің түні мәжілісте сөйткен сөздері республика Советінің партиялық топтарындағы жағдайдың өте қиын екендігін көрсетеді. Социалистік партияның мүшесі Мариус Мутэ бекітуді жақтауға ұйғарған өз тобындағы мүшелердің көпшілігін ақтайтын сылтаулар табуға күшілері әрекет жасауда. Ол Париж келісімдері «бейбітшілікті сақтаудың» және «келіссөздер жүргізуге жаңа әрекеттер жасаудың» құралы болып табылады-мыс деп сендірмек болды. Сөзінің қорытындысында ол социалистер тобы үкметке бір-қатар сұрақтар қойылған қарар енгізеді деп жариялады.

Бірақ социалистердің бұл документінің ешқандай практикалық маңызы бола алмайды.

Солшыл демократтар тобының және солшыл «республикашылар бірлестігінің» мүшесі Огюст Пантон Париж келісімдері кәсіргі түрінде Францияға «елеуді көпшілік» қамтамасыз ете алмайды деп мәлімдеді. Шешен былай деп атап көрсетті: ол «европалық қару-жарақ агенттігін» құру туралы келісімге «жол бермеген принципінде» қашан ол өткенге дейін Париж келісімдерін жақтап дауыс бермейді. Ол осы мағынада түсетулер мен телеграммаларында елді біріктіру мүд

Халықаралық шолу

ГЕРМАН МИЛИТАРИЗМІ — ЕВРОПАЛЫҚ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАС ЖАУЫ

Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы халықтық қозғалыс Батыс Еуропа елдерінде күшеюі күнге өрістей түсуде. Германияның, Францияның, Англианың, Италияның және басқа европалық мемлекеттердің қалың халық топтары Батыс Германияны қаруландыру және оны агрессиялық блөктерге қосудың бұл елдердің өмір сүруінің өзіне төнетін аса апатты қатер болып табылатынын айқын түсінуде.

Гитлерлік вермахтты қайта тудыру туралы Париж келісімдері формальдік жағынан өлі іс жүзіне асырылған жоқ. Бірақ, Батыс Германияда қару-жарақ өндіру, аэродромдар салу, атом қаруын өндіруге әзірлену, қайта тудырылып жатқан соғыс машинасы үшін командалық кадрларды толықтыру жұмыстары кәсірдің өзінде-ақ жалталаса жүргізілуде. Бұрынғы гитлершіл генералдар «Пруссияның бір кездегі рухын» қайта жаңғыртуға ашықтан-ашық шақыруда. Іс жүзінде батысгерманиялық соғыс министрлігі болып табылатын Бланк ведомствосында болашақтағы бас штабтың ұйтқысы құрылған. Тіпті өткен жылдың аяғында ғана Батыс Германияның кеме жасау верфтерінен 1936 жылғыдан 20 процент артық кеме жасалып шыққан. Боннның республиканың 26 авиация заводы соғыс самолеттерін жасауға әзірленген, тағысын тағылар, тағы сондайлар.

Осындай фактілерге қарағанда, Париж келісімдерін бекіту Германияны қайта қосу туралы төрт жақты келіссөздер жүргізуге кедергі болмайды-мыс дейтін мәлімдемелер Еуропаның жұртшылық пікірін алдауды көздейтін көрнеу және қасақана айтылмай өтірік болып табылады.

Париж келісімдерін жақтаушылар Батыс Германияны милитарландыруға және Германияны бөлшектеуге европалық халықтарды, еңалдымен герман халқын көндіруге әрекет жасауда. Бірақ халықтардың бұған көнбейтіндігін оқығалар көрсетіп отыр. Герман халқы, онымен көршілес халықтар сыяқты, АҚШ билеуші топтарының мүдделерін білдіретін және олардың агрессиялық мақсаттарына қызмет ететін мақсатқа келісімдерді жоюды барынша қатты талап етуде.

Батыс Германияны қаруландыру жоспарлары жайында халық пікірін сұрауды өткізу туралы Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының ұсынысына мейлінше кеңінен үн қосылды. Батыс Германияның халқы көптеген жыйналыстар мен митингтерде, Бонн үкметі мен парламентіне жолдаған хаттары мен телеграммаларында елді біріктіру мүд

дес секретары Морис Торез толық негізбен былай деп мәлімдеді: «герман милитаризмін алатын болсақ, ол... тек бейбітшілік ісіне және Францияның халықаралық үнемі төнетін қатер, сонымен бірге демократия мен ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған біздің халқымыздың көкейтесті мүдделерін басып-түп шықтыру құралы ғана болып табылады».

Француз халқы Батыс Германияда агрессияныл вермахтты қайта тудырудың зардаптары жөнінде алданып қалмайды, өйткені Франция герман милитаризмінің басқыншылық әрекеттерінің бірінші объектілерінің бірі болып келді және болып отыр. Францияның «Монд» газеті Париж келісімдерін жүзеге асыру «Францияны ұлы державалардың тобынан шығарып тастауға» әкеліп соқтыратынын әділ атап көрсетті. Мұндай жағдайда Франция француз-совет одағынан айрылу қаупіне ұшырайды, ал бұл одақтан француз халқы өз елінің бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің кепілін көріп отыр.

Еуропаның халықтары қайта тудырылып жатқан герман милитаризміне жол бермеуге, континентке баянды және ұзақ бейбітшілікті қамтамасыз етуді бұл күндері, бұрынғы қай кездегіден болса да, анағұрлым батыл талап етуде. Миллиондаған бейбітшіл адамдар Еуропада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы, герман халқының, сондай ақ барлық басқа европалық халықтардың мүдделері үшін, герман мәселесін бейбіт негізде шешу туралы Совет Одағының ұсыныстарын үсті-үстіне өсселен зор күшпен қолдауда.

АҚШ ЖЕНЕВА КЕЛІСІМДЕРІН СӘТСІЗДІККЕ ҰШЫРАТУҒА КҮШ САЛУДА

АҚШ мемлекеттік секретары Даллестің жұырда Лаосқа, Камбоджаға және Оңтүстік-Вьетнамға барып қайтқан сапары Құрама Штаттардың осы Индо-Қытайдың үш мемлекетін «Оңтүстік-Шығыс Азияның қорғанысы» туралы агрессиялық Манила шартына (СЕАТО-ға) қатыстыру мақсатын көздеп отырғаны күмәнеіз екендігін көрсетті. Шетелдік баспасөздің хабарларына қарағанда, АҚШ-тың билеуші топтары еңалдымен бұл елдерде американо әскери кеңесшілері үйреткен және американо қаруымен жабдықталған қарулы күштер құруға тырысуда. Вашингтонда жоғарыда көрсетілген елдерге соғыс «көмегін» көрсету жоспары жасалуда, соның өзінде, Қытайдың «Гуаньминь-жибао» газетінің атап көрсеткеніндей, Камбоджаға ерекше көңіл бөлініп, американо соғыс құмарлары Камбоджаны өздерінің Индо-Қытайдағы агрессиялық әрекеттерінің негізгі базасына айналды

тік Вьетнамды аралап қайтқан француз депутаттарының да пікірі осындай».

АҚШ-тың Индо-Қытайдағы тіміскіленген әрекеттерімен қатар Францияға да қысым жасалып, ол Азиялық континенттің осы бөлегінен біртіндеп ығыстырылууда.

Оңтүстік Вьетнаммен экономикалық байланыстарды нығайтуға тырысқан Францияның әрекеттері американо монополистерінің қарсы жасаған күшті әрекеттеріне кездесіп отыр. Американо монополистері Оңтүстік Вьетнамға долларлық «көмек» көрсетуге ұйғарған, бұл «көмектің» нәтижесінде Оңтүстік Вьетнам рыногінде американо товарлары қаптапты. Мұның өзі жұырда Франция мен Оңтүстік-Вьетнам арасында қол қойылған экономикалық келісімді іс жүзінде жоюды.

Құрама Штаттар Камбоджада американо кеңесшілері басшылық ететін мемлекеттік банк құрған. Бұл банк осы елде жасалатын экономикалық бақылауды Франциядан тартып алуды өзіне мақсат етіп қойған. Камбоджаның рыногінде американо товарлары, соның ішінде тіпті өдетте жергілікті халықтың өзі өндіретін товарлар да қаптап кеткен. Американо товарларының қаптатылуы Франция-Камбоджа саудасының берекесін кетіріп, мұның өзі француз билеуші топтарының күшті наразылығын тудыруда.

Жуырда Ұлттық жыйналыстың сыртқы істер комиссиясында сөйлеген сөзінде Францияның сыртқы істер министрі Антуан Пиней былай деп хабарлады: «кейін қосылған мемлекеттерде Женева келісімдерін жүзеге асырудың барысында туатындай проблемаларды бақылау» мақсатымен сенараттық кеңес шақыру жайында үш державаның —АҚШ-тың, Англианың және Францияның арасында қол жеткен келісім бар. Француз үкметі еңалдымен өзінің Индо-Қытайда қолайсыз жағдайда отырғанына абыржуда. Бұл түсінікті де.

«Франция кеңесті неліктен ұсынатын жасырып отырған жоқ, — деп жазды ағылшынның «Скотсмен» газеті, — оның Америка әрекеттерін талқылағысы келеді, бұл әрекеттер, оның пікірінше, Индо-Қытайдағы француз позицияларын Американың іс жүзінде басып алғандығы болып табылады. Ол, әсіресе жергілікті әскерлерді үйретуге бақылау жасаудың Америка талап етіп отырған дәрежесіне қарсы шығуда және американо товарларының француз товарларын Индо-Қытай рыногінде ығыстырып отырғанына қарсы шығуда».

Индо-Қытайдағы, әсіресе Оңтүстік-Вьетнамдағы француз-американо қайшылықтары барған сайын шиеленісуде.

өмірмен қатынасы, коллективтік еңбектің табыстылығы, жеке адамдардың тағдыры сөз болады. Осы жан-жақты тақырыптар фильмде бір желіске жыйнақталып, бір арнаға құйылады. Сөйтіп, зор творчестволық еңбектің жемісі—цирк искусствосы адамдарының өздеріне тән ерекшелігі бар өмірі көрсетіледі.

...Спорт мастері Федор Ермолаев және өзен кемесі капитанының көмекшісі Петр Мовин Ұлы Отан соғысының от-жалынында бірге болған, қиыншылықты бірге көрісіп, жеңіс шаттығын бірге тойлаған адамдар. Қалалық моторосқа бірге қатысқан бұлар махаббат жолында да бір жерге түйіседі. Екеуінің де сүйетіні циркте істейтін жас қыз Лена Воронцова.

Федор да, Петр де жағымды образдар. Бұл екеуі де қоғам үшін, Отан мүддесі үшін өз күш-жігерін аямайтын жастар. Бірақ, бұл арада Мовин тағы да моторостарыдай сәтсіздікке ұшырайды. «Сен менің жақсы досымың», деп жауап береді Лена Петрдың ұсынысына, өзінің Федорды сүйетіндігін айтып. Бұл арада Лена Федорды Петрден артық болғандықтан сүйді деп айту қиын. Ал Петрдің зор адамгершілік сезімнің иесі екендігін оның Лена мен Федордың бақытты болуын шын жүректен тілейтіндігі дәлелдейді.

Белгілі артист Кадочниковтың орындауындағы Федор Ермолаев адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойына сіңіре білген адам. Ол ешқандай жеңіл жеңісті іздемейді, қол жеткен табысқа мастан-

мен дәрежесінде көрсете алған. Мұндағы сүйсінерлік жағдай—артистің эгоист ролін типті түрде суреттей алуы. Мұндай адамдарды шын мәнінде біздің кейбір мекемелерде әлі де болса кездестіруге болады.

Өмірдегі басты мақсаты әдемі киіну және жақсы күйеу табу болып табылатын Олечканың әрбір қылығы көрушілердің мысқылды күлкесін орындай тұрғанда. Артистка Ургент бұл рольді әшкерелеушілік рухында орындайды.

Ақкөңіл, адал ниетті цирк директоры мен бухгалтердің, цирк артистері Воронцов пен оның әйелінің қылықтары да көрушілерді күлдірмей қоймайды. Бірақ бұл күлкелер зілді немесе мысқылды күлкі емес, өмірде жиі болып тұратын кейбір оқиғалар мен сәтсіздіктерден туатын көңілді күлкі. Әресе, артист Сорочкиннің орындауындағы бухгалтер өмірдегі шындық дәрежесінде шыққан.

Кинокомедияны жасауға «драмалық артистермен қатар аңдарды үйретуші Т. Эдер сыяқты цирк артистері де қатысады. Шынығында фильмдегі аңдар көрсетілген эпизодтардың сәтті шығуында бұл актердің басты роль атқарғанын көрушілер бірден аңғарады.

«Жолбарысты үйретуші» кинофильмі комедиялық фильмдер жасау жолында еңбектенуші совет кинематографияшыларының зор табысы. Сондықтан да бұл фильмді жұртшылық жылы шыраймен қарсы алды.

Т. КӘНІМОВ.

### Колхоздар радиоланды

Өткен жылы облысымыздың 30 колхозы радиоландырылды. Оларда 3 мың радиоточкалар орнатылды. Быйыл облыстың 30 колхозына радио торабы салынады. Петропавл ауданының барлық селолары радиоландырылды. Аз уақыттан кейін Мамлют, Будаев аудандарының колхоздарын радиоландыру аяқталады.

Н. ӘМІРОВ.

### Колхоз бағы

Чапаев атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) көлемі 9 гектар бағы бар. Онда алхор, шие, алма, қарақат және басқа жемістер өседі. Бағбан В. Оселедченко басқарған бақшашылар бригадасы бақтағы жеміс ағаштарын мәселен өсіруге.

Өткен жылы колхоз бақта өскен жемістен 41 мың сом кіріс алды.

М. СИБАНБАЕВ.

### Утыстар төлеу

Облысымыздың сақтық кассалары ССРО халық шаруашылығын өркендету және қалына келтірудің Мемлекеттік төртінші жазымының 11-тіражы бойынша заем ұстаушыларға утыстар төлей бастады. Тек бір күн ішінде қаланың сақтық кассалары заем ұстаушыларға 165 мың сомның утысын төледі.

В. ДАМАСКИН.

### Машиналар сатып алды

Совет ауданының «Красное поле» колхозы өткен жылы бітік егін өсіріп, мемлекетке көп астық тапсырған еді. Жақында колхоз мемлекетке сатқан астығы үшін 2 жүк машинасын алды. Сол сыяқты, ауданның «Борьба за коммунизм», «Победа» колхоздары да жүк машиналарын сатып алды.

М. САҚАНОВ.

рашы мәселенің шешімін кейінге қалдыру «халықаралық жағдайды айқындап береміз», деп мәлімдеді.

Шаруалар партиясының мүшесі Шарль Морель Париж келісімдерін бекіту қажеттігіне күмән келтірді және өзінің, «тегі» келісімдерді жақтап дауыс бермейтінін» айтты.

Кеше түнгі мәжілісте өң соңында сөйлеген шешен Тунистегі Француз отаршыл топтарының өкілі Антуан Колонна болды, ол келісімдерді сөзсіз бекітуді жақтады.

Бүгін айтыстың жалғасы болды. Сөйлеушілер тізбегінде әлі де 25 шешен қалып отыр. Жарыссөзде сөйлеуге жазылған сенаторлар санының көптігімен байланысты жалпы дискуссия, бұдан бұрын ұйғарылғанындай, бүгін аяқталмайды.

Батыс Германияны қаруландыруға француз халқының қарсы шығуы отырғанын екінші палатаның мүшелерінің есіне салуға ұмтылған орасан көп адамдар республика Советінің мәжілісі өтін жатқан Люксембург сарайы үйінің алдына жыйналып, тавертсвен тун ортасына дейін болды. Өнеркәсіп орындарында герман вермахттың қайта тұдыру жоспарларына қарсы наразылық білдіру ретінде әлі де ереуіл жасалуда.

Герман проблемасын бейбітшілікпен шешу жолындағы күрестің француз комитеті қысқы велодромда ұйымдастырған митингте қабылданған қарарда қалың француз жұртшылығының пыйғылары айқын білдірілді. «Біз Париж келісімдеріне төзбейтін дұшпандықпен қарап отырғандықтан да растаймыз, делінген бұл документте. Біз герман проблемасын бейбітшілікпен шешу туралы келіссөздердің тезінен басталуын тілеп отырғандықтан да растаймыз. Біздің халқымыз тәуелсіздікке, хауісіздікке, қарулыландыруға және бейбітшілікке ұмтылуда. Ол өзінің ұлттық мүдделерін құрбан етуге ешқашан да келіспейді. Ол Германияны қаруландыруға ешқашан да келіспейті».

Кеше көшкілікте парламент пен жұртшылық қайраткерлерінің бір тобының инициативасы бойынша, министрлер советінің бұрынғы председателі Поль-Бонкурдың, депутаттар Шьер-Лебонның, Лашковская ханымның, бірқатар ғылым қайраткерлері мен басқа адамдардың қатысуымен жыйналыс өткізілді. Осы жыйналыста сөз сөйлеген депутат Лебон герман милитаризмін қайта тұдырудың хауіпті екендігіне назар аударды және ССРО мен достары достықтың және одақтың Франция үшін қажет екендігін атап көрсетті.

Немістер арасында тікелей байланыс орнатуға қолайлы жағдай тұдыратын бұл инициативаны белсене қолдауда. Ал, канцлер Аденауэр мен оны жақтаушылардың мұндай пікір сұрауды тіпті естігісі де келмейді, өйткені халық пікірін сұрау өткізілген күнде, Герман Демократиялық Республикасының халқы ғана емес, сонымен бірге Батыс Германиядағы немістердің басым көпшілігінің де Париж келісімдеріне қарсы шығатынын олар айқын түсініп отыр. Ал халықтың қарсы шығуы Бонндағы билеуші топтар үшін Батыс Германияны демилитарландыру ісінде қосымша қиыншылықтар тұдырған болар еді.

Париж келісімдерінің американо-ағылшын инициаторлары мен дөмбөрушілерінің бұл келісімдер француз-герман достығын «нығайтуға» көмектеседі-міс деп көп мысқылдап отырғанын атап айта кету керек. Шынында, герман милитаризмін достық жасауға болатындығына француздар сене ала ма екен?

Француз Коммунистік партиясының

Бірақ Құрама Штаттардың Женева келісімдерін бұзатын әрекеттері тек соғыс шараларымен ғана тыныш отырған жоқ. Американо мемлекеттік секретары Даллестің бұл сапары Вьетнамда еркін сайлау өткізуге келергі келтіруді көздеген АҚШ-тың арам ниетімен де, соншалықты байланысты болған. Ал Женева келісімі бұл сайлауды 1956 жылғы июльде өткізуге ұйғарған болатын.

Ал американо билеуші топтары сайлауды сәтсіздікке ұшырату саясатын негізгі осынышама өршеленіп жүргізіп отыр? Бұл сұраққа жауап беру қиын емес: американо билеуші топтары Оңтүстік-Вьетнамның үкіметі жеңіліске ұшырайды деп қорқуда. «Сайлауда Вьетнамның жеңіп шығуы, —деп жазды француздың «Трибюн де насзон» апталығы (Вьетнам еңбекшілер партиясын апталық осылай деп атап отыр. —Д. Б.),— мүлде даусыз екендігі шолушының қандайына болса да айқын сыяқты. Американо әскери миссиясының да, сондай ақ жуырда Оңтүс-

ркі американо генералы Коллинсетің іс жүзінде басқарып отырғанына, Құрама Штаттардың оңтүстік вьетнамдық премьері Нго Динь Дземді өзінің тілағашы қолшоқпарына айналдырып, Францияның мүдделерін барған сайын өрескел елемей отырғанына ызығалуда. Жағдайды сыйпаттай келіп, «Нью-Йорк тайме» газеті былай деп жазды: көзір Индо-Қытайда Ди Биен Фу үшін болған шайқастан анағұрлым маңызды саяси шайқас жасалуда».

Құрама Штаттар, Индо-Қытайда туған жағдайдан көрініп отырғанындай, Женева келісімдерін жүзеге асыруға жол бермеуге тырысып, бұл келісімдердің француз халқы мен Индо-Қытай халықтарының ұлттық мүдделеріне сай келетіндігімен санасқысы келмей отыр. АҚШ-тың билеуші топтары өздерінің агрессиялық саясатын тек өз мүдделері үшін ғана жүргізіп, Францияны екінші дәрежелі мемлекеттің халіне ұшыратуда.

Д. БОЧАРОВ.

## СТАЛИНГРАД ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ АНГЛИЯҒА КЕЛУІ

ЛОНДОН, 25 март. (СОТА). Кеше көшкілікте Лондонға Ковентри муниципалитет Советінің шақыруы бойынша Сталинград қалалық Советінің делегациясы келді. Аэродромда делегацияны Ковентри муниципалитет Советінің лорд-мэрі Джон Феннел бастаған өкілдері және ССРО-ның Великобританиядағы Елшісі Я. А. Малик қарсы алды. Қарсы алу кезінде еңбекшілер депутаттарының Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің председателі С. И. Шапуров және Ковентридің лорд-мэрі Джон Феннел өзара сөз сөйледі.

Делегацияның мүшелерін құттықтап, Феннел совет халқының Сталинград тү-

бінде жеткен жеңісінің орасан зор маңызын атап көрсетті. Ковентри делегациясына Совет Одағында асқан жылы шырайлы меймандостық көрсетілгенін атап айтып, Феннел Ковентриде Сталинградтың өкілдеріне де осындай меймандостық көрсетіледі деп мәлімдеді және Совет делегаттарының көргісі келетіндерінің бәрімен танысуына толық мүмкіндік беріледі деп сендірді.

ССРО ның Великобританиядағы Елшісі Я. А. Малик делегацияның мүшелерін және Ковентри муниципалитет Советінің өкілдерін қабылдап, екі қаланың өкілдері құрметіне қолақасы берді.

## БОНН БУНДЕСТРАТЫ ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІН МАҚУЛДАҒАН

БЕРЛИН, (СОТА). ДПА агенттігі бундестраттың Париж келісімдерін мақұлдағанын хабарлайды.

БЕРЛИН, (СОТА). ДПА агенттігі мынадай хабар берді: Бүгін бундестрат Федералдық республикада «оккупациялық тәртіпті тоқтату» жайындағы герман договорын бекіту туралы заңды 29 дауыспен мақұлдады, бұған 9 дауыс қарсы болды. Гессен мен Төменгі Саксонияның өкілдері договорға қарсы дауыс берді. Берлиннің өкілдері дауыс беруден қалыс қалды.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«Ударник» кинотеатрында  
«ЖОЛБАРЫСТЫ ҮЙРЕТУШІ»  
Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.  
«ПАТША ҚЫЗЫ КӨЛБАҚА»  
Сеанстар сағат 10-30, 12 және 1-40-та басталады.

«Октябрь» кинотеатрында  
«СУЫҚ ТЕНІЗ»  
Сеанстар сағат 5, 7, 9, 11-де басталады.  
«СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫ»  
1-сериясы  
Сеанстар сағат 9, 11, 1 және 3-те басталады.

Қалалық Совет атқомінің міндетті қарарына сәйкес қоңсықтардан тазарту ісімен шұғылданатын мекеме шарт жасасқаннан кейін ғана қоңсықтардан тазартуға заявқалар қабылдайды.  
Адрес: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 132-үй.

Петропавл қаласы, Степанов көшесі, 26-үйде тұрушы Анна Павловна Чугаева, Киров көшесі 57-үйде 1-пәтерде тұрушы Александр Никитович Чугаевтан айрылатыны жөнінде арыз берді.  
Іс 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00736. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.